Әділет

# Алматы қаласының қала маңы аймағының бас жоспары туралы (Аумақтардың қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемасы)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 22 қазандағы № 1097 Қаулысы

«Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңына сәйкес Алматы қаласының қала маңы аймағын кешенді дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Алматы қаласы мен Алматы облысының мәслихаттары мақұлдаған Алматы қаласының қала маңы аймағының бас жоспарының жобасы ( Аумақтардың қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемасы) бекітілсін.

2. «Алматы қаласының қала маңы аймағы туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 17 наурыздағы № 228 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 22 қазандағы № 1097 қаулысымен бекітілген

# Алматы қаласының қала маңы аймағының бас жоспары (Аумақтардың қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемасы)

## 1. Бас жоспардың мақсаты

Алматы қаласының қала маңы аймағының бас жоспары (Аумақтардың қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемасы) (бұдан әрі - Бас жоспар) қала маңы аймағы аумақтарының қала құрылысын жоспарлаудың негізгі құжаты болып табылады.

Бас жоспарды әзірлеудің басты мақсаты - Алматы қаласы және қала маңы аймағындағы елді мекендерде экологиялық қолайлы, тыныс-тіршілікке қауіпсіз орта құруға, әлеуметтік-экономикалық дамытудың болжамды параметрлері негізінде аумақтың функционалдық-жоспарлық ұйымдастырылуын қалыптастыруға; Алматы қаласы мен Алматы облысының өзара байланысты мүдделерін ескере отырып, аумақты

пайдалану регламенттерін әзірлеуге бағытталған қала құрылыстық шаралар кешенін жүргізу.

Қала маңы аймағының бас жоспары 17,44 мың шаршы километр аумақта орындалған және Алматы облысының бес әкімшілік аудандарын: Қарасай ауданын толық, Талғар, Іле, Еңбекшіқазақ, Жамбыл аудандарының бір бөліктерін, сондай-ақ Қапшағай әкімшілігінің аумағын қамтиды.

Бас жоспарда:

қалыптасқан және болжамды демографиялық және әлеуметтік-экономикалық жағдайлар ескерілген қала маңы аймағының аумақтық және әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттары;

Жетісудың мәдени мұрасын ескере отырып, ерекше қорғалатын аймақтарды бөлу;

өндірістік, рекреациялық, жасыл аймақтарды дамыту мен орналастыру;

функционалдық аймақтандыру және жоспарлық құрылымдау арқылы, инженерлік және көліктік инфрақұрылымды дамыту айқындалады.

Бас жоспар іске асырудың мынадай жобалық кезеңдерін ескере отырып орындалған:

бастапқы жыл - 2009 жыл;
бірінші кезең - 2015 жыл;
аралық кезең - 2025 жыл;
есептік мерзім — 2035 жыл;
болжамдық мерзім - 2040 жыл.

Бас жоспар әлеуметтік-экономикалық және аумақтық дамудың, инженерлік-көлік инфрақұрылымын қалыптастырудың, жаңа тұрғын үй, өндірістік, агроөнеркәсіптік кешендерді, туризм, спорт және демалыс объектілерін орналастырудың перспективалық және бірінші кезектегі бағдарламаларын әзірлеу мен жүзеге асырудың негізі болып табылады.

Бас жоспар әкімшілік аудандардың, елді мекендердің және қарастырылып отырған өңірдің басқа да аумақтық бірліктерінің аумақтарын дамытудың қала құрылысы жобаларын әзірлеу мен іске асыруға арналған база ретінде қызмет етеді.

Бас жоспар, қала құрылысы жағдайлары мен ресурстық әлеуетті кешенді талдауды ескере отырып, Алматы қаласына іргелес аумақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуы мен функционалдық мақсатын анықтайды.

## 2. Алматы қаласының қала маңы аймағы туралы жалпы мәліметтер

Алматы қаласының қала маңы аймағы экономикалық-географиялық және геосаяси оңтайлы орынды алып жатыр, Алматы облысының оңтүстік-батыс бөлігінде, Алматы - Тараз - Шымкент - Қызылорда - Батыс Қазақстан - Ресей, Алматы - Есік - Қорғас - Батыс Қытай, Алматы - Қапшағай - Талдықорған - Шығыс Қазақстан - Батыс Қытай

мемлекетаралық және республикалық транзиттік магистральдарда орналасқан.

Қала маңы аймағының аумағы оңтүстікте Іле Алатауы жоталарынан (Солтүстік Тянь-Шань) бастап, солтүстікте Іле ойпатының жазығына дейін созылған. Қала маңы аймағында жер үсті және жер асты суларының айтарлықтай мол қоры бар.

Қала маңы аймағында Қазақстан Республикасының астанасы Астана қаласымен, облыс орталықтарымен, таяу және алыс шет елдермен байланыстыратын тұрақты әуе және темір жолдары бар.

Алматы қаласының қала маңы аймағының ауданы 9,72 мың шаршы километрді немесе облыс аумағының 4,3%-ын құрайды.

Қала маңы аймағының экономикасы салаларының құрылымында сауда қызметі, қаржы қызметі, ауыл шаруашылық өндірісі мен өнеркәсіп жетекші орынға ие, олардың үлесіне жиынтық жалпы өнімнің 86%-ы және жұмыс орындарының 60,3%-ы келеді.

Қала маңы аймағының өнеркәсіп әлеуетінің негізін ауыл шаруашылығы шикізатын және жергілікті шикізат ресурстарын қайта өңдеу, сондай-ақ машина жасау және металл өңдеу, құрылыс материалдары өнеркәсібінің салалары құрайды. Бұл салалардың қала маңы аймағының өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлеміндегі үлес салмағы, жұмыспен қамтылған халықтың саны 85% кезінде, бастапқы жылы 87%-ды құрады.

Ауыл шаруашылығы өндірісінде мал шаруашылығы басымдыққа ие, оның жетекші салалары ет-сүттік мал өсіру (52,2%), қой шаруашылығы, құс шаруашылығы болып табылады.

Өсімдік шаруашылығын дамытудағы негізгі бағыттар астық, темекі, жеміс-жидек дақылдары, жүзім, көкөніс өндірісі болып табылады.

Ықпал ету аймағының аумағында 2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 2090,8 мың адам, оның ішінде қала маңы аймағында 1870,9 мың адам немесе республика халқының 12%-ы тұрған. Қала маңы аймағының қалалық жерлеріндегі халықтың саны - 1489,4 мың адам (Алатау кентін қоса алғанда, Алматы қаласында 1365,0 мың адам тұрады), ауылдық жерлерде - 381,5 мың адам. Халықтың жалпы санының экономикалық қызмет салаларында жұмыспен қамтылғандары 50,7%.

Ықпал ету аймағының тұрғын үй қоры 2009 жылғы 1 қаңтарда 37,0 миллион шаршы метрді құрады, оның ішінде қала маңы аймағында - 34,2 миллион шаршы метр, олардың ішінде Алматы қаласында - 24,6 миллион шаршы метр. Ықпал ету аймағында 1 тұрғынға орташа қамтамасыз ету - 17,2 шаршы метр, Алматы қаласы бойынша - 1 тұрғынға 18,0 шаршы метр. Инженерлік инфрақұрылым Алматы және Қапшағай қалаларында едәуір толық дамыған.

## 3. Алматы қаласының қала маңы аймағының шекаралары

Алматы қаласы мен оның төңірегіндегі Алматы агламерациясы аумағының өзара байланысты толық қанды кеңістіктік дамуын қамтамасыз ету, 2040 жылға қарай

Алматы қаласы (2800,0 мың адам) мен қала маңы аймағының (1312,4 мың адам) халқы санының қарқынды өсуі, сондай-ақ халықты перспективалы жайғастырудың екпінді жобаларын жүзеге асыру Алматы қаласының қала маңы аймағы шекараларын өзгерту үшін негіз болды.

Бас жоспарда үш аймақ қарастырылады: Алматы қаласының ықпал ету аймағы, қала маңы аймағы және ерекше қала құрылыстық реттеу аймағы. Алматы қаласының қала маңы аймағының шекаралары облыстың бес әкімшілік аудандарының (Қарасай, Еңбекшіқазақ, Талғар, Іле, Жамбыл), сондай-ақ Қапшағай қалалық әкімшілігі мен Алматы қаласы аумақтарының шегінде жүргізілген әлеуметтік, арнайы көліктік, экологиялық және тарихи-мәдени зерттеулердің нәтижелері бойынша анықталды. Еңбек, мәдени-тұрмыстық және рекреациялық мақсаттар бойынша жүргізілген зерттеулерді талдау нәтижелері бойынша Алматы қаласының ықпал ету аймағының және қала маңы аймағының шекаралары белгіленді.

Ықпал ету аймағы еңбек, рекреациялық және мәдени-тұрмыстық мақсаттар бойынша белсенді маятниктік миграцияның байқалуы шегінде 70,0 - 100,0 км қашықтықтағы аумақты қамтиды. Ықпал ету аймағында қала маңы аймағының бас жоспары бойынша халықты жайғастыру аймақтарының, агроөнеркәсіптік кешеннің, қала маңындағы ауыл шаруашылық өндірісінің, бау-бақшалық және саяжайлық шаруашылықтар аймақтарының, инженерлік-көлік инфрақұрылымы аймағының, халықтың қысқа мерзімді және ұзақ уақыт демалу аймағының, орман-саябақ белдеуінің, орман-саябақтық қорғаныс жасыл аймақтарының дамуы белгіленді.

Ықпал ету аймағының ауданы 17,44 мың шаршы километрді құрайды, оған жататын елді мекендердің саны - 215.

Қала маңы аймағының шекарасы Алматы қаласының жақын жатқан қала маңы аумағын қамтиды және қала мен қала маңының едәуір тығыз байланысымен айқындалған (күнделікті маятниктік еңбек миграциясы, күніне 250 мың адамды құрайды), қалыптасқан серіктес қалалардың: Қапшағай, Қаскелең, Талғар, Есік қалалары, Ұзынағаш ауылы; жаңа 4 серіктес қалалардың: Gate City, Golden City, Growing City, Green City, «Жаңа-Іле» туристік орталығының, Алматы қаласын инженерлік қамтамасыз ету көздерінің, Қапшағай су қоймасының солтүстік жағалауындағы қысқа және ұзақ мерзімді Алматы демалыс аймақтарының орналасуын ескереді. Қала маңы аймағы есептік мерзімге резервтік алаңдарымен келешектегі қоныстану аймақтарын, ерекше кезеңдегі қос мақсаттағы демалыс аймақтарының аумағын, және басқа да аумақтарды қамтиды.

Алматы қаласының қала маңы аймағында коммуналдық нысандар, логистикалық орталықтар, көлік, инженерлік қамтамасыз ету көздері мен нысандары, бау-бақшалық және саяжайлық массивтер, халықтың қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді демалыс орындары, ауылшаруашылық өндіріс аймақтары орналасқан. Қала маңы аумағының ауданы 9,72 мың шаршы километрді құрайды, оған жататын елді мекендердің саны -

1 5 4 .

Ерекше қала құрылыстық реттеу аймағының шекарасы Алматы қаласының шекарасына жақын жатқан, 10,0 - 15,0 км қашықтықтағы аумақты қамтиды. Бұл аймақта елді мекендердің есептік мерзімге даму аумағынан басқа 2025 жылға дейінгі кезеңде қоныстандыру аймағының резервтік алаңдары орналасқан. Ерекше қала құрылыстық реттеу аймағы аумағының ауданы 1,17 мың шаршы километрді құрайды.

## Алматы қаласының ықпал ету аймағының шекарасы

Ықпал ету аймағының, қала маңы аймағының және қала құрылысы ерекше реттелетін аймақтың ішкі шекарасы Алматы қаласының қазіргі қала шегі болып табылады. Алматы қаласының ықпал ету аймағының сыртқы жобалық шекарасы келесі нұсқауда өтеді:

## Оңтүстік шекара

Оңтүстік шекара Талғар ауданы шекарасының оңтүстік-шығыс нүктесінен басталады және Талғар ауданының оңтүстік шекарасы бойынша батыс бағытта Қарасай ауданының шекарасымен қиылысқан жеріне дейін өтеді, одан әрі Қарасай ауданының шекарасымен оңтүстік бағытта Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасымен қиылысқан жеріне дейін және мемлекеттік шекара бойымен Күмбел беліне дейін өтеді.

## Батыс шекара

Батыс шекара Күмбел белдеуінен басталып Жамбыл ауданының келесі ауылдық округтарының аумақтарының батыс шекарасы бойымен: Ұзынағаш, Үлгілі, Шолаққарғалы, Ұзынағаш, Қарасу, қайтадан Ұзынағаш ауылдық округі, Мыңбаев ауылдық округінен Қарасай ауданының мемлекеттік жер қорының шекарасына дейін, Қарасай ауданының мемлекеттік жер қорының батыс шекарасы бойымен темір жолға дейін, батыс жақтан Ұзынағаш станциясын айналып, одан әрі Теміржол ауылдық округінің шекарасы бойымен солтүстік бағытта Іле ауданының шекарасына дейін, Күрті өзенінің оң жақ жағалауы бойымен солтүстік-батыс бағытта Междуреченск ауылдық округінің шекарасына дейін өтеді.

## Солтүстік шекара

Солтүстік шекара ықпал ету аймағының батыс шекарасынан басталып, және Междуреченск, Қараой, Жетіген ауылдық округтерінің солтүстік шекарасы бойымен Қапшағай қалалық әкімшілігінің батыс шекарасымен қиылысуына дейін, одан кейін шығыс бағытта Қапшағай әкімшілігінің солтүстік шекарасымен, Қапшағай су қоймасын айналып Іле өзенімен қиылысуына дейін, одан кейін бұрылып батыс бағытта

Зареченск ауылдық округінің оңтүстік шекарасы бойымен Жарсу өзенімен қиылысқан жеріне дейін өтеді.

## Шығыс шекара

Шығыс шекара - Еңбекшіқазақ ауданының аумағы бойымен Ақший ауылдық округінің шығыс шекарасы бойымен, одан әрі оңтүстік бағытта Евгенемаловедненск ауылдық округінің шекарасы бойымен Мемлекеттік Іле-Алатауы ұлттық табиғи саябағының шекарасымен қиылысу жеріне дейін, кейін Мемлекеттік Іле-Алатауы ұлттық табиғи саябағының шекарасымен, мемлекеттік жер қорының, Еңбекшіқазақ ауданының мемлекеттік орман қорының Талғар ауданының шекарасымен қиылысу жеріне дейін, Талғар ауданы шекарасының оңтүстік-шығыс нүктесіне дейін өтеді.

## Қала маңы аймағының шекарасы

Алматы қаласының қала маңы аймағының жобалық шекарасы келесі нұсқауда өтеді :

## Оңтүстік шекара

Оңтүстік шекара қала маңы аймағының шығыс шекарасы мен Талғар ауданының оңтүстік шекарасының қиылысу нүктесінен басталып Талғар ауданының, Қарасай ауданының шекаралары бойымен батыс бағытта, кейін Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы мен Қарасай ауданының шекарасы қиылысуына дейін өтеді.

## Батыс шекара

Батыс шекара Қарасай ауданының шекарасы, мен мемлекеттік шекараның қиылысу нүктесінен бастап, Қарасай ауданының батыс шекарасы бойымен Қарасай ауданының мемлекеттік жер қорының шекарасына дейін, одан кейін солтүстік-батыс бағытта мемлекеттік жер қорының жерлерін қиып, солтүстікке бұрылады және Іле ауданының Междуреченск ауылдық округінің жерлері бойымен Жамбыл ауданының Бозой ауылдық округінің шекарасымен қиылысуына дейін, кейін Бозой ауылдық округінің шығыс шекарасы бойымен, Сорбұлақ көлін айналып, Бозой ауылдық округінің солтүстік нүктесіне дейін жүреді.

## Солтүстік шекара

Солтүстік шекара Бозой ауылдық округінің солтүстік нүктесінен шығыс бағытты Қараой платосы бойымен, одан әрі солтүстік-шығыс бағытта Қапшағай қалалық әкімшілігінің батыс шекарасына дейін, Іле өзенін кесіп өтіп, жобаланған әуежай салу

алаңын және «Жаңа-Іле» турист орталығын ырғақ айналын және солтүстік-батыс жағынан Шеңгелді ауылын айналып өтеді.

## Шығыс шекара

Шығыс шекара Шеңгелді ауылының солтүстігінен басталып, оңтүстік-батыс бағытта қолданыстағы Алматы - Талдықорған автожолына қатарлас, аталған жолды қиып өтеді, оңтүстікке бұрылады және Қапшағай су қоймасына дейін жетіп, Қапшағай су қоймасының су айдынын қиып, Зареченск ауылдық округының аумағымен Талғар ауданының шекарасымен қиылысуына дейін, кейін Талғар ауданының шығыс шекарасы бойымен, Талғар қаласын шығыс жағынан айналып, оңтүстік бағытта Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасына дейін өтеді.

## Қала құрылысы ерекше реттелетін аймақтың шекарасы

Қала құрылысы ерекше реттелетін аймақтың шекарасы батыс, шығыс және солтүстік жағынан Алматының Үлкен автомобиль айналма жолын (АҮААЖ) шегіндегі аумақтарды қамтиды, және келесі болашақ қоныстандыру алаңдарын қосады: Батыс, Шығыс, Первомайск және Боралдай алаңдарын. Оңтүстік жақтан шекара болашақтағы таулы курорт аймағын қоса АҮААЖ-дың оңтүстігіне қарай Іле-Алатауы сөресінен Қарасай, Талғар аудандарының-аумақтарымен өтеді.

Қала маңының көрсетілген шекаралары оны жеке әкімшілік анклавқа бөлмейді, және аумақтардың қалыптасқан әкімшілік басқарылуын бұзбайды.

Ықпал ету аймағына, қала маңы аймағына және ерекше қала құрылыстық реттеу аймағына енгізілген жерлер Алматы облысының әкімшілік бағынысында қалады. Ерекше қала құрылыстық реттеу аймағы аумағының ауданы шамамен алғанда 1,17 мың шаршы километр.

## 4. Табиғи жағдайлар мен ресурстар

Қала маңы аймағының табиғи жағдайы шөлден бастап мәңгі қар басуларға дейін 5 климаттық аймақты қамтитын тік белдеумен сипатталады. Алматы қаласының қала маңы аймағының климаты жазықтар мен тау етегіндегі аумақтардың континентальды климатынан бастап арктикалық биік таулыққа жақын субвинальдыққа дейін ауысатын климаттық аймақтанумен сипатталады. Бұл аумақтың солтүстік бөлігіндегі климаттың күрт өзгеретін континенталдылығы оңтүстікке жақындаған сайын жұмсара түседі. Қала маңы аймағының аумағы ультракүлгінді жайлы аймақта жатыр.

Алматы қаласы қала маңы аймағының температуралық жағдайы, алуан түрлілігімен ерекшеленетін (жалпақ жазықтар түрлі биіктіктегі таулармен, құмды шөлдермен үйлеседі) рельеф жағдайына байланысты солтүстіктен оңтүстікке қарай өзгереді.

Оңтүстік пен оңтүстік-шығыста Солтүстік Тянь-Шанның жоталары (Іле Алатауы, Күнгей Алатау) созылып жатыр, олардың тау тізбектері жазық беткейлі тау аралық ойпаттармен бөлінген. Едәуір ірісі және тереңі Іле ойпаты болып табылады, қала маңы аймағының жазық аумағы Қопа-Іле өңірлік ойпатына жатады.

Алматы қаласы қала маңы аймағының аумағы келесі бөліктерге бөлінген: гляциалды-нивалды биік тау (3500 метрден жоғары), альпілік биік тау (3500 - 3000 метр ), орта тау (3000 - 2000 метр), аласа тау (2000 - 800 метр), тау бөктеріндегі шоғырланған жазықтар (800 - 400 метр).

Қала маңы аймағының оңтүстігінде биік таулы жоталардың және солтүстік бөлігінде аласа таулы рельефтің болуы өзен арналарының негізгі бағыттарын анықтайды. Алматы қаласының қала маңы аймағы мен ықпал ету аймағы жер беті суларының біршама ресурстарына ие.

Өңірдің ең ірі өзені - Іле өзенінің ұзындығы 1439 км, оның 815 км Қазақстанның аумағында жатыр. Ол өзінің су мөлшері бойынша Орта Азияда үшінші орынға ие, Қытай аумағынан бастау алады, көп бөлігі таулық сипатқа ие.

Таулық-жазықтық өзендердің ең ірілері және маңыздылары: Шамалған, Қаскелең, Ақсай, Үлкен Алматы, Кіші Алматы, Талғар, Есік, Түрген өзендері болып табылады.

Алматы облысы, сейсмикалық белсенділігі жоғары, 7-9 баллды құрайтын аймақта орналасқан. Соңғы жылдары негізгі сейсмикалық қимылдар Алматы қаласынан оңтүстік пен оңтүстік-шығыста дамуда. Алматы қаласынан солтүстік, батыс және солтүстік-батыста орналасқан аумақ әлсіз жер сілкінулердің төменгі тығыздығымен сипатталады.

Қала маңы аймағының аумағында селдер негізінен нөсерлі жауын жауу нәтижесінде , ал кейде жасырын ішкі мореналық су қоймалары мен мұзды көлдердің жырылуынан болады. Кіші Алматы мен Үлкен Алматы, Талғар, Есік, Ақсай және Қаскелең өзендерінің бассейндері едәуір селді белсенді өзендер болып табылады.

Өсімдіктер мен жануарлар әлеміне бай табиғи-климаттық аймақтың алуан түрлілігі, өзендер мен көлдердің болуы, біркелкі климат, бірегей тың таулы, жазықты және шөлді ландшафтар Алматы қаласының ықпал ету және қала маңы аймағы орналасқан - Жетісудың шын мәнісіндегі шексіз туристтік-рекреациялық ресурстарын анықтай отырып, табиғи, тарихи және мәдени ескерткіштермен толықтырылады.

Өсімдік түрлерінің негізгі таралу заңдылығы тау баурайында да, сонымен бірге тауаралық және тау етегіндегі жазықтарда да байқалатын биік белдеулікке байланысты. Әрбір белдеу белгілі бір өсімдік түрлерінің көптеп кездесуімен немесе түрлердің араласуымен сипатталады.

Таулардағы өсімдіктердің күрделі кеңістіктік құрылымы бар. Азия континентальдық секторында орналасқан Тянь-Шан тауларына солтүстік және оңтүстік баурайлардағы өсімдік түрлерінің қарама-қарсылығы тән. Қарастырылып отырған өңірдің фаунасы бай алуан түрлілікпен және эндемизммен сипатталады. Жануарлар

мен құстардың орналасуында белгілі бір вертикальды белдеулерге үйлесушілік байқалады.

Алматы облысының аумағында сирек кездесетін және бағалы жабайы өсетін өсімдіктерді қорғау және қалпына келтіру, жабайы жануарларды қорғау және қайта көбейту мақсатында құрылған Алматы мемлекеттік қорығы, Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи саябағы, Алтын-Емел табиғи саябағының бір бөлігі, сондай-ақ Медеу мемлекеттік ландшафтық табиғи саябақ секілді ерекше қорғалатын нысандар бар.

Алматы қаласының қала маңы аймағының аумағы аса біркелкі орналаспаған біршама жер асты тұщы су ресурстарына ие. Тау етегіндегі жазықтар, Іле Алатауы мен Кетпен жотасының солтүстік баурайларының тауаралық және тау беткейлік ойпаттары жер асты суларымен айтарлықтай қамтамасыз етілген.

Өзендердің рекреациялық және шаруашылық маңызы зор және сумен жабдықтау, суару, суландыру, электр энергиясын өндіру көздері болып табылады.

Еңбекшіқазақ, Талғар, Іле және Қарасай аудандарының және Алматы қаласының аумағы арқылы ірі гидротехникалық құрылыс, Барторғай су қоймасымен бірге суарылатын жерлерді сумен қамтамасыз етуді арттыруға арналған Үлкен Алматы каналы (ҮАК) өтеді.

Өңірдің алуан түрлі табиғи ресурстары суармалы және суарылмайтын егін шаруашылығын, агроөнеркәсіп кешенін дамыту үшін қолайлы болып табылады. Таулы-далалық аймақта астық, техникалық дақылдар мен көкөніс егіледі, бау-бақша, жүзім өсіру және сүттік мал өсіру дамыған. Альпілік және субальпілік шалғындықтардың биік таулы аймағы мал үшін жазғы жайылым ретінде қолданылады. Таулы аудандарда бау-бақша, еттік мал өсіру және картоп өсіру қарқынды дамуда. Шөлді аймақ еттік мал өсіру шаруашылығын дамыту үшін қолданылады.

Алматы облысы біршама минералды-шикізаттық мүмкіндікке ие. Оның аумағында түрлі пайдалы қазбалардың кен орындары ашылған, олардың ішінде түсті, сирек кездесетін және бағалы металлдар, энергетикалық көмір мен руда емес пайдалы қазбалардың кен орындары бар (облыс негізінен құрылыс материалдарының барлық түрлерімен қамтамасыз етілген).

Алматы қаласы қала маңы аймағының аумағында келесі рудалы аудандар анықталған:

Бұғыты (Еңбекшіқазақ ауданы) - Бұғыты ірі вольфрам кен орны, алтынды руда табылған топтар, Қарақой қорғасын-мырыш кен орны;

Қастек руда ауданының (Жамбыл ауданы) негізін Қастек-Шынасылсай руда алқабының - Шынасылсай, Қастек, Қыржол кен орындары құрайды. Кешенді кен орындарының құрамында, қорғасын мен мырышты қоспағанда, алтынның, кадмидың, мыс пен күмістің қорлары ескерілген.

Қарастырылып отырған аумақтың басым бөлігі іздестіру жағынан жеткіліксіз зерттелмеген, түрлі дәлдіктегі геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуді талап етеді.

## 5. Әлеуметтік-экономикалық даму индикаторлары

### 5.1 Демография

Демографиялық үдерістердің қарқыны бұрын қалыптасқан дәстүрлі, сонымен бірге қоғам өмірінде дамып келе жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен қайта құрулар барысында қалыптасып жатқан жаңа қоғамдық даму факторларының бүкіл жиынтығының өзара іс-қимылымен анықталады.

Ықпал ету аймағы халқының саны 2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 2090,8 мың адамды құрады, оның ішінде қала маңы аймағында - 1870,9 мың адам. Қала маңы аймағында қала халқы 1489,4 мың адамды құрайды, оның 1365,0 мың адамы Алматы қаласында, ауылдық жерлерде - 381,5 мың адам тұрады.

Қалалық жерлерде Алматы, Қапшағай қалаларының, Боралдай, Өтеген батыр кенттерінің тұрғылықты халқы жоғары қарқынмен өсті, Еңбекшіқазақ ауданының ауылдық жерлерінде өсу қарқыны едәуір төмен.

Аудандардағы халықтың орташа жылдық табиғи өсу қарқыны 0,95-тен 1,3%-ға дейінгі аралықта. Талғар ауданы, Талғар, Қаскелең қалалары, Боралдай кентінде халықтың тууы төмен деңгейде. Кейінгі жылдары Алматы қаласында табиғи өсімнің өсуі байқалады - 1,45%.

Халықтың жас құрылымы келесі көрсеткіштермен сипатталады:

15 жасқа дейінгі балалардың үлесі Алматы қаласының орталығынан (22%) шет аудандарға қарай (24,5%) өседі;

еңбекке қабілетті жастағы халықтың үлес салмағы жалпы ықпал ету аймағы мен қала маңы аймағы бойынша - 65,3% құрады;

еңбекке қабілетті жастан асқан халықтың үлес салмағы 9,4%-дан 11,8%-ға дейінгі аралықта.

Болашақтағы халықтың саны көші-қонның әсерін ескере отырып, демографиялық әдіспен есептелінген.

Халықтың келешектегі санының есебі демографиялық әдіспен әкімшілік аудандардың бөлінісінде әрбір қалалық және ауылдық мекендер бойынша сараланған түрде жүргізілді. Есептік мерзімде халық саны 2,0 есеге өседі және ықпал ету аймағында 4140,7 мың адамды құрайтын болады, оның ішінде Алматы қаласында - 2580 мың адам, ықпал ету аймағында 1560,7 мың адам, оның ішінде қала маңы аймағында 1216,5 мың адам.

Едәуір алыс болашақта (2040 жылы) ықпал ету аймағында халықтың саны 4465,9 мың адамға дейін көбейеді, оның ішінде Алматы қаласында - 2800 мың адам, ықпал ету аймағында - 1665,9 мың адам, оның ішінде қала маңы аймағында - 1312,4 мың адам.

Ықпал ету аймағының экономикалық белсенді халқының жалпы саны, бастапқы

жылғы 1068,5 мың адаммен салыстырғанда, есептік мерзімде 1974,5 мың адамды құрайды.

## 5.2 Ресурстық әлеует

Қала маңы аймағы адамдық, тарихи-мәдени, рекреациялық, туристік, қаржылық және минералдық ресурстардың басым бөлігі шоғырланған, Алматы облысының өзегі болып табылатын орталық бөлікте орналасқан.

Алматы қаласының қала маңы аймағының қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттары:

Іле Алатауының, өзендердің, тау көлдерінің, Қапшағай су қоймасының ерекше ландшафтары мен Ұлы Жібек Жолының бойындағы мәдени мұралардың бай табиғи-ресурстық мүмкіндіктерінің;

алтын, вольфрам, полиметалл рудалары, құрылыс материалдары сияқты минералдық ресурстардың;

қала маңы аймағында біркелкі орналасқан рудаға жатпайтын материалдар аумағының;

жақсы дамыған автомобиль, темір жол, әуе көліктері байланыстарының;

Алматы қаласының ғылыми-білім мүмкіндіктерінің;

индустриялық аймақтарды, өнеркәсіп аудандарды, технопарктерді, ақпараттық технологиялар парктерін орналастыру үшін бос аумақтардың;

дамыған агроөнеркәсіптік кешеннің;

көзделіп отырған «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» мемлекетаралық көлік-коммуникация дәлізі құрылысының болуына байланысты.

Қолдағы ресурстық әлеуеті негізінде, қала маңы аймағының әлеуметтік-экономикалық дамуының болашақтағы келесі басым бағыттары айқындалды: өңдеуші өнеркәсіптің, өнеркәсіптің инновациялық және ғылымды аса қажет ететін салаларын, құрылыс материалдарының өндірісін әрі қарай дамыту; туризм , демалыс және спорт индустриясын дамыту; көлік-логистикалық қызмет көрсетулерді қалыптастыру; шипажай-курорттық аймақтардың құрылысы; ғылыми-білім беру орталықтарын ашу; халықаралық қаржы орталығын әрі қарай жетілдіру.

## 5.3 Өнеркәсіп

Бас жоспарда Алматы қаласының шегінде өнеркәсіп өндірісін қысқарту және кәсіпорындарды қала маңы аймағына көшіру жоспарланып отыр.

Алматы қаласының аумағында қала тұрғындарына қызмет көрсетумен байланысты экологиялық таза, ғылымды аса қажет ететін электрондық және электр жабдықтары өндірісін, қайта өңдеу өнеркәсібі мен кәсіпорындарын құру көзделіп отыр.

Экологиялық жағдайлар бойынша қауіпті кәсіпорындар қала аумағынан тысқары

шығарылады.

Көліктік машина жасаудың, лак-бояу өнімдерінің, құрылыс индустриясының жаңа нысандары қала аумағынан тысқары қалыптасып жатқан индустриялық және өнеркәсіп аймақтарының аумағына көшіріледі.

Құс шаруашылығы мен сүт кластерлерін, көкөніс пен жеміс-жидектерді қайта өңдеу кластерін құру базасында тамақ өнеркәсібінің экспортқа бағытталған кәсіпорындары қарқынды дамытылатын болады.

Өнеркәсіпті дамытудың алға қойылған қарқындарына сәйкес өңдеу өнеркәсібі алдыңғы қатарлы сала болып қалмақ: құрылыс материалдарының өндірісі (оның үлес салмағы 20%-ды құрайды, жұмыс орындарының өсуі 7700-ден 27500-ге дейін) және азық-түлік пен сусындар өндірісі (оның үлес салмағы 23,6%-ды құрайды, жұмыс орындарының өсуі 10300-ден 32500-ге дейін).

## 5.4 Туризм, демалыс және спорт индустриясы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 ақпандағы № 156 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың 2007-2011 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында туризмді және рекреациялық инфрақұрылымды дамыту Қазақстанды бәсекеге қабілетті және әлемнің серпінді дамып келе жатқан мемлекеттер қатарына қосу басымдықтарының бірі болып табылады.

Қала маңы аймағының туристік қызметін дамытуды реттейтін маңызды факторлар: халықаралық әуежайдың болуы және Алматы қаласының жақын болуы. Болашақ бағыттар құрылымында Ұлы жібек жолындағы туризм ерекше орынға ие.

Ұлы жібек жолының Алматылық бөлігінде экзотика, қызықты оқиғалар, тау курорттарына бару, тау спортымен, аңшылықпен шұғылдану, қауіп-қатер белгілері бар сапарларды қамтитын, тарихи-мәдени мұрамен таныстыру туризмімен ұштасатын бірегей ресурстар үйлесімділігі бар.

Алматы облысының аумағы, оның ішінде Алматы қаласының қала маңы аймағы туристік сұраныстың іс жүзінде барлық заманауи таптаурындарын қанағаттандыратын орасан туристік мүмкіндікке ие, олар келесі базалық ресурстар бойынша жіктеледі:

табиғи-рекреациялық: Іле Алатауы мен Жоңғар Алатауының тау ландшафтары, Алакөл, Балқаш өзендері, Қапшағай су қоймасы, тау көлдері, Іле өзені және көптеген басқа да таулық және жазықтық су артериялары, минералды су көздері және балшықтар көздері, тірі табиғат ескерткіштері, атап айтқанда тамаша флора мен фауна, оның ішінде эндемикалық және ескіден қалған;

мәдени-тарихи: қорған кешендері, петроглифтер (тастағы суреттер), ескерткіш орындар, мұражайлар (тақырыптық және әйгілі адамдардың);

театрлар, мавзолейлер, мазарлар, кейінгі кезеңнің өзге де сәулет құрылыстары.

Қала маңы аймағы мен Алматы қаласының туристерді қабылдау үшін үлкен

мүмкіндіктері бар: қонақ үйлер, мейман үйлері, шипажайлар, профилакторийлер, демалыс аумақтары мен базалары, демалыс үйлері, сауықтыру лагерлері, аңшылар үйлері.

Алматы қаласының қала маңы аймағындағы бар рекреациялық мүмкіндіктер негізінде бас жоспарда бірнеше функцияларды атқаратын туризмді, демалыс пен спортты дамытатын рекреациялық аймақты әрі қарай қалыптастыру ұсынылады, олардың ішінде маңызды функциялар: шипажайлық-курорттық кешен, танымдық және спорттық-көзбен көру туризмі, шоу-бизнес, қонақ үй бизнесі болып табылады. Төменде қала маңы аймағындағы рекреациялық қызметтің негізгі түрлері келтірілген:

Іле Алатауының сілемдері - мәдени-тарихи мұра ескерткіштерімен және мәдени-танымдық туризм нысандарымен бірге. «Алтын Аймақ Жетісу» этномәдени ландшафтық белдеуі;

тау аймағы - жалпы үлгідегі курорттар, тау шаңғысы курорттары;

ерекше қорғалатын аймақтар: Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи саябағы, жабайы жеміс бақтары, Медеу саябағы;

Қапшағай су қоймасының жағалауы - ірі туристік-ойын-сауық аймағын қалыптастыру, «Жаңа-Іле» ойын-сауық кешенінің құрылысы, су спорты және сауықтыру туризмі, су маңындағы қысқа және ұзақ мерзімді демалыс, бүкіл маусымдық балық аулау;

Іле өзені — судағы ұйымдастырылған және жабайы туризм;

бальнеологиялық ресурстары бар аумақтар - сауықтыру туризмі және шипажайлық-курорттық емдеу;

ежелгі «Жібек жолы» трассасын жаңғырту, оның бойында қонақ үй-туристік кешендерін, ұлттық мәдениет және қолданбалы өнер орталықтарын орналастыру;

Боралдай кентінің оңтүстік жағындағы және Есік қаласындағы сақ қорғандары орналасқан аймақта ашық аспан астындағы ұлттық-этнографиялық, мұражайларды ашу ;

археологиялық ескерткіштерді қорғау аймақтарын сақтау және құру (қорғандар, ежелгі қалашықтар);

Алматы қаласы - іскерлік және аралас туризм.

Бас жоспарда қазіргі спорт құрылыстарын қалпына келтіру және жаңа спорт объектілерін салып, жаңа объектілерді пайдалануға беру көзделіп отыр, осыларды жүзеге асыру Алматы қаласын қаржы ғана емес, туристік орталыққа да айналдырады. Кластерлік даму арқылы туристік өнім мен туризм индустриясының бәсекелік қабілеттілігін арттыру тек отандық емес, сонымен бірге әлемдік қызмет көрсету нарығында да қала маңы аймағының туристік келбетін қалыптастыруға көмегін тигізеді .

## 5.5 Көліктік-логистикалық қызмет көрсетулерді қалыптастыру

Қазақстанның Орталық Азия елдерімен және Еуропа елдерімен сыртқы сауда байланыстары көлемінің артуына орай келетін жүктерді сақтауды және оларды тұтынушыларға жеткізуді оңтайландыруға қажетті логистикалық орталықтарды құру қажеттілігі туындайды.

Жоғары жылдамдықтағы магистральды жолдар желісі құрылып, Үлкен Алматы айналма автомобиль жолының (ҮАААЖ) Қорғас - Жетіген темір жол тармағының, Қапшағай - Талдықорған трассасынан сегіз километр қашықтықтағы халықаралық әуежай құрылысын жүргізу қарастырылуда.

Алматы қаласының қала маңы аймағының аумағымен «Батыс Еуропа - Батыс Қытай » көліктік-коммуникациялық дәлізі транзитпен өтеді. Трансұлттық магистральды құрудың үлкен экономикалық маңызы бар, ол транзиттік тасымалдар үшін маршрутты және Таяу Шығыс елдеріне шығуды қамтамасыз етеді.

Бас жоспарда көліктік-логистикалық қызметтерді (Іле ауданында Өтеген батыр кентінде, Жетіген және Междуреченск ауылдарында, Қапшағай қаласында, Қарасай ауданында - Шамалған станциясында «А» сыныпты логистикалық орталықтар) және Алматы қаласының қала маңы аймағының аумағында халықаралық транзиттік тасымалдарды дамыту үшін ҮАААЖ негізінде логистикалық өндірістерді дамыту көзделіп отыр.

## 5.6 Курорттық аймақты құру

Алматы қаласының қала маңы аймағының бас жоспарында тау беткейіндегі жұмсақ климат негізінде бальнеологиялық ресурстарды, термальдық және радондық көздерді дамытуды, тыныс жолы органдары мен жүрек-қан тамырлары ауруларын емдеу үшін қазіргі шипажайларды, профолакторийлер мен курорттарды дамыту және қалпына келтіру, сонымен бірге жаңаларын ашу қарастырылған.

Ыстық климатты шөлді аумақтың болуы урологиялық ауруларды емдеуге арналған жазықтықтағы курорттардың пайда болуына жағдай тудырады.

## 5.7 Ғылыми-білім беру кешендерін құру

Алматы қаласында елдегі ең дамыған зияткерлік-ғылыми база -52 жоғары оқу орны, 56 орта арнаулы оқу орны және ядролық медицина, ғарыштық технологияларды, соңғы үлгідегі бағдарламалық қамтамасыз етуді дамыту, ресурс үнемдеуші технологияларды дамыту саласында жұмыс істейтін 400 ғылыми-зерттеу ұйымдары бар.

Бас жоспарда жоғарғы және орта арнайы оқу орындарымен жоғары технологиялық өндірістерді дамытудың арнайы аймақтарын құру қарастырылады (Алатау кентіндегі ақпараттық технологиялар паркі - 1 АТП, Жамбыл және Жаңаталап ауылдарының

маңайындағы ақпараттық технологиялар парктері - 2 АТП, 3 АТП).

Білім беру бөліміндегі басым бағыттар техникалық және жаратылыс ғылымдарын зерттеу, оқу орындарында машина жасау, нано-технологиялар электроникасы салалары үшін факультеттер ашу болып табылады.

## 5.8 Қаржы орталығын қалыптастыру

Алматы қаласы Қазақстан Республикасының жүйесіндегі ірі қаржы орталығының бірі болып табылады.

Бас жоспар жобалық кезеңде келесі міндеттерді шеше отырып, Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы ретінде қалыптасуын көздейді:

бағалы қағаздар нарығындағы мемлекеттік реттеуді жетілдіру;

жаңа қаржы құралдарын дамыту және енгізу;

инвесторлардың мүддесін қорғаудың жоғары деңгейін қамтамасыз ету;

қор нарығының капиталдануын және өтімділігін арттыру үшін жағдайлар жасау;

қазақстандық компаниялардың бағалы қағаздардың қор нарығына қатысуының тұрақты артуын қамтамасыз ету.

## 5.9 Агроөнеркәсіптік кешен

Алматы қаласының қала маңы аймағының аумағында еттік-сүттік мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығының тұрақты дамуына мүмкіндік беретін, суарылатын ауылшаруашылық жерлердің, жайылымдардың, су көздерінің айтарлықтай алқаптары орналасқан.

Агроөнеркәсіптік сектордың басым бағыттары жазықтық және таулық бақтарды, көкөніс, еттік-сүттік мал шаруашылығын әрі қарай дамыту, қайта өңдеу кәсіпорындары үшін ауыл шаруашылық шикізат өнімдерін тұрақты жеткізуді қамтамасыз ету, дайындау-өткізу орталықтарын дамыту, ірі мал бордақылау кешендерін дамыту болып табылады.

Бас жоспарда Қапшағай су қоймасының оңтүстігіндегі аумақта Құлжа тас жолына дейін аграрлық-рекреациялық кластерді орналастыру ұсынылады.

Ауыл шаруашылығы шикізат өнімдерін тереңдете қайта өңдеу кәсіпорындары қала маңы аймағының суарылымды жерлерінің орталығында - Қаскелең, Талғар, Қапшағай қалаларында, Шамалған станциясында, Өтеген Батыр және Боралдай кенттерінде орналастырылған.

Қала маңы аймағының өсімдік шаруашылығы азық-түлік өнімдерін, мал шаруашылығы үшін жем мен өңдеу өнеркәсібі үшін шикізат өндіру міндетін атқарады.

Өсімдік шаруашылығының негізгі тауарлық дақылдары мал жемі, бақша өнімдерін,

көкөніс, картоп, темекі, жеміс-жидектер болып табылады. Көкөніс шаруашылығы саласын жылыжай-парниктік шаруашылықты құру арқылы индустрияландыру негізінде дамыту көзделген.

## 5.10 Тұрғын үй-азаматтық құрылыс

Тұрғын үй ортасын кешенді қалыптастырудың негізгі бағыттары халықтың тұрғын үймен қамтамасыз етілуін, ықпал ету аймағында бүкіл тұрғын үй қорын 107524,6 мың шаршы метрге, қала маңы аймағында - жалпы ауданын 97642 мың шаршы метрге дейін , оның ішінде Алматы қаласында - жалпы ауданын 68960 мың шаршы метрге арттыра отырып, бір адамға 17 шаршы метрден 25 шаршы метрге дейін жеткізуді көздейді.

Алматы қаласының шегінде тұрғын үй құрылысын, Алматы қаласында қоныстанатын 1500 мың адам мөлшеріндегі халқын әлеуметтік-кепілдік деңгейімен қамтамасыз ету үшін, бір адамға жалпы ауданын бастапқы жылғы 18 шаршы метрден, есептік мерзімде 25 шаршы метрге дейін жеткізу мақсатында 1 9764,6 мың шаршы метр көлемінде қайта жаңғырту аумақтарында жүргізу көзделіп отыр.

Алматы қаласы халқының есептік мерзімде 2580 мың адамға дейін өсуіне сәйкес бас жоспарда тұрғын үй құрылысы үшін солтүстік және солтүстік-батыс бағыттағы аумақтарда - Жаңаталап, Междуреченск, Боралдай және Қараой алаңдары қарастырылған.

Жаңа игеру алаңдарында жалпы ауданы 27000 мың шаршы метр тұрғын үй қорын орналастыру қарастырылады.

Бас жоспарда Алматы қаласында жобалаудың бүкіл кезеңінде жалпы ауданы 5600 мың шаршы метр мөлшеріндегі сейсмикалық қауіпті тұрғын үйлерді, оның ішінде жалпы ауданы 2485,0 мың шаршы метрді есептік мерзімге дейін бұзу ұсынылады.

Есік, Талғар, Қаскелең және Қапшағай қалаларында құрылыстарды бекітілген бас жоспарларына сәйкес, «G-4 City» 4 серіктес қалаларды әзірленген жобалау құжаттамаларына сәйкес бос аумақтарда жүргізу көзделеді.

Ықпал ету аймағы мен қала маңы аймағының аумақтарындағы құрылыс көлемі, негізінен аз қабатты құрылыстың есебінен, 26001,9 мың және 18951,6 мың шаршы метрді құрайды.

Орта қабатты құрылыстар Үлкен Алматы айналма автомобиль жолының (ҮАААЖ) шегінен тыс, магистральдар арасындағы аумақтарда, жоғарғы қабатты тұрғын үй құрылыстары қала құрылыстық тораптарда, негізгі композициялық осьте таңдамалы түрде ұсынылады.

Бас жоспарда коммуналдық жалға беру тұрғын үй қорын, коммерциялық жалға беру қорын қалыптастыру көзделеді.

Жаппай орта қабатты құрылыстар аумағында магистральдық инженерлік желілерді дамыту және жабдықтаумен, әлеуметтік сала объектілерін орналастырумен бірге тұрғын үй қала құрылысы кешендерін кезең-кезеңімен салу көзделеді.

## 5.11 Қызмет көрсету саласы

Мәдени-тұрмыстық қызмет көрсетуді ұйымдастыруға негізінен тарихи қалыптасқан қоныстану жүйесі барынша әсер етті. Оған тән белгі ірі мегаполистің, орта және шағын қалалардың Іле Алатауының баурайында орналасуы болып табылады. Елді мекендердің басым бөлігі сағаттық қол жетімділік шегінде Алматы қаласына және аудан орталықтарына тартыла орналасқан.

Бас жоспарда 2035 жылға қарай мекемелердің қызмет көрсетудің әлеуметтік-кепілденілген минимумын қамтамасыз етуге қол жеткізуі бағытында жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларды ескере отырып, әлеуметтік саланы дамыту көзделеді.

Мәдени-тұрмыстық қызмет көрсетуді ұйымдастыру қабылданған халықты жайғастыру жүйесінің негізінде және тығыз өзара байланыста жобаланған.

Қызмет көрсету саласының болашақ құрылымын дамыту әрбір елді мекенде күнделікті қызмет көрсету нысандарын (бала бақшалар, мектептер, емханалар немесе амбулаториялар, бастапқы дене шынықтыру-емдеуді тағайындау объектілері, клубтар) және халық сұранысының негізінде туындайтын коммерциялық нысандарды (дүкендер, қоғамдық тамақтану орындары, тұрмыстық қызмет көрсету орындары және т.б.) орналастыруды көздейді.

Әкімшілік аудандардың орталығында жоғары деңгейдегі қызмет көрсету мекемелері (ауруханалар, жедел медициналық көмек көрсету станциялары, қан орталықтары, мәдениет үйлері, орта арнаулы оқу орындары, көпшілік пайдаланатын спорт залдары және барлық аудан түзуші қызметтер - әкімдіктер, жер қатынастары, санитарлық эпидемиологиялық басқармалар және т.б.) орналасады.

Жобалау кезеңінде қала маңы аймағының елді мекендерінде мектептер мен бала бақшалар, учаскелік ауруханалар мен амбулаториялар (олар жоқ немесе 3.01-01.2007* Қазақстан Республикасының құрылыс нормаларымен және ережелерімен ұсынылған нормаларға біршама сәйкес келмейтін елді мекендерде), өңірлік медицина орталықтарын, сауда қалаларын, сауықтыру кешендерін, туризм, спорт және демалыс объектілерін салу көзделеді.

Ауыларалық қызмет көрсету саласының нысандары жайлы көлік жетімділігі шегінде орналастырылатын болады. Қала маңы аймағы Бас жоспарының жобасы бойынша негізгі ережелер Алматы қаласы қала маңы аймағының бас жоспарының ( Аумақтарды қала құрылыстық жоспарлаудың кешенді схемасы) 1-қосымшасында келтірілген.

## 6. Аумақтық табиғи кешенді сақтау мен дамытудың негізгі бағыттары

Алматы қаласының қала маңы аймағының табиғи кешені негізінен табиғатты қорғау, рекреациялық, сауықтыру, және ландшафт түзуші функцияларды атқаратын және қала маңы аймағының табиғи-ландшафтық негізін қалыптастыратын, өсімдік және су объектілері басым келетін аумақтардың жиынтығы болып табылады.

Алматы қаласы мен қала маңы аймағы табиғи кешенінің аумағына мыналар жатады : ерекше қорғалатын табиғи аумақтар - қорықтар, ұлттық және табиғи саябақтар, ескіден қалған тулы жабайы жемістер бақтарының аумағы, Шренка шыршасының жетілу аймағы.

Табиғи кешен аумақтарына тағы да - ормандар, орман-саябақтар, жасыл аймақтар, саяжай және бау-бақша аумақтары, табиғи құрылыс салынбаған өзен мен бұлақтардың арналары, көлдер, су қоймалары, көгалдандырылған аумақтар - саябақтар, скверлер, бақтар, гүлзарлар, бақ-саябақ өнері мен ландшафтық сәулет ескерткіштері, бұзылған және жоғалған табиғи аумақтарды қалпына келтіру мен қайта жасауға, жаңа көгалдандырылған аумақтарды ұйымдастыруға арналған резервтік аумақтар.

Табиғи кешен аумағын сақтау мен дамытудың негізгі бағыттары мыналарды қарастырады:

Алматы қаласының, қала маңы аймағының және Алматы агломерациясының табиғи кешенінің тұтастығын сақтау;

рекреациялық аймақтарды қалыптастыру;

жобалауды экологияландыру.

## 7. Табиғи-ландшафтық орман-бақ аймақтарын сақтау талаптары

Алматы қаласының қала маңы аймағының қала құрылыстық дамуының негізгі бағыттары табиғи-ландшафтық және орман-саябақ аймақтарын сақтаудың келесі талаптарын көздейді:

ландшафтарды қорғауды және оларды көру қабылдауының оңтайлы жағдайын қамтамасыз ететін аймақтардың шекараларын және осы шекаралардың шегінде қала құрылыстық қызметті реттеу режимін анықтайтын жалпы қала құрылыстық регламенттерді белгілеу және сақтау;

қала маңы аймағының аумағын оңтайлы сәулеттік-ландшафтық ұйымдастыру;

қала мен қала маңы аймағының орталық негізін қала құрылыстық және сәулет құралдарымен анықтау және айқындау;

инверсиялық құбылыстарды жоюға және Алматы қаласы мен жақын жатқан аумақтың қолайсыз жағдайларын айтарлықтай жақсартуға ықпал ететін, су-саябақтық алаптар мен орман-саябақ жасыл аймақтарын құру есебінен Алматы қаласы мен қала маңы аймағының бірыңғай жасыл белдеуін құру;

жасыл аймақтың орман шаруашылығы бөлігін Үлкен Алматы айналма автомобиль жолының (ҮАААЖ) бойында қорғаныстық орман алаптарын құру есебінен шешу қарастырылады;

желі арқылы бар және жобаланып отырған скверлер, гүлзарлар мен көше бойындағы көшеттер арқылы бірігетін су-саябақтық алаптарды, қала ішілік және қала маңының көгалдандырылған демалу жүйелерін құру;

Алматы қаласын бақ-қала ретінде қалыптастыру;

өнеркәсіп аумақтарынан және тазалау құрылымдарынан қорғаныстық орман алаптарын құру;

теректердің селекциялық плантацияларын жасау.

Алматы қаласының қала маңы аймағының солтүстік-шығыс бөлігіндегі орман-саябақ жасыл аймақтары қала мен қала маңы аймағы тұрғындарының демалысын ұйымдастыруға, микроклиматты, санитарлық-гигиеналық және қоршаған ортаны қорғау функцияларын жақсартуға арналған.

## 8. Экологиялық талаптар

Қала маңы аймағымен бірге ықпал ету аймағының және Алматы қаласының қала құрылыстық дамуының экологиялық талаптарына мыналар жатады:

табиғи кешен аумағын әуе бассейнінің ластануынан қорғау;

жер беті және жер асты су ресурстарын ластану мен сарқылудан қорғау;

урбанизацияланған аумақтарды физикалық факторлардың әсерінен қорғау (шу, діріл, электрмагниттік сәулелер);

топырақ-өсімдік жамылғысын атмосфераға зиянды заттарды шығарылудан және қатты-тұрмыс қалдықтарының жиналуынан қорғау;

жануарлар мен өсімдіктер әлемін қорғау;

аумақты техногендік және табиғи сипаттағы қауіпті үдерістерден қорғау;

көгалдандыру мен микроклиматтық жағдайларды жақсарту арқылы өмір сүру ортасының жайлылығын арттыру.

Елді мекендердің ауа бассейніне зиянды әсерді азайту жөніндегі Алматы қаласының қала маңы аймағы аумағының қала құрылыстық дамуына қойылатын экологиялық талаптарды орындаудың қажетті шарттары мыналар болып табылады:

жағымсыз әсер ететін өнеркәсіп кәсіпорындарын құрылып жатқан өнеркәсіп аймақтарына көшіру, Алматы қаласының ішіндегі өнеркәсіп кәсіпорындарының орнын ауыстыру;

өндірістік-өнеркәсіп кәсіпорындарын аудандардың елді мекендерінен айтарлықтай алыс қашықтықта орналасқан, желдің соғу бағытына қарай, өнеркәсіп кәсіпорындары мен тұрғын үй орамдарының арасындағы санитарлық аралықты қамтамасыз ете отырып, арнайы белгіленген өнеркәсіп аумақтарына орналастыру;

елді мекендердің атмосферасына ластаушы заттарды шығару мөлшерін азайтуды қамтамасыз ету үшін кәсіпорындарды қайта мамандандыру.

Автокөліктің қорғасын қалдықтарынан және оның шексіз қосындыларынан қаланың ауа бассейнін ластайтын жағымсыз әсерлерді азайту үшін келесі техникалық, жоспарлау және ұйымдастыру шараларын жүргізу ұсынылады:

қаланың қоныстық аудандарында транзиттік автокөліктің қозғалысына тыйым салу;

қалалардың аумақтық өсуін шектеу;

қаланың өнеркәсіп және қойма кәсіпорындарының санитарлық-қорғау аймақтарында, темір жолдардың бұру жолақтарында - жүк көлігінің арнайы автомобиль жолдарын құру;

қоныстық аудандарға дейін талап етілетін санитарлық аралықтарды сақтай отырып, автокөлік, айналма жолдарын салу;

тұрғын үй аймағынан автобазаларды, автожөндеу шеберханаларын, техникалық қызмет көрсету станцияларын (ТҚС) шығару, жанар-жағар май материалдарының ( ЖММ ) сапасын бақылау;

көп мөлшердегі жүк тасымалдаумен байланысты коммуналдық-тұрмыстық мақсаттағы нысандарды тұрғын үй құрылыс аумақтары арқылы жүріп өту жолын қысқарту мақсатында магистральды көшелерге тікелей жақын жерлерге орналастыру;

автожол тоннельдерін, эстакадаларды, жер асты жүргін жолдарды едәуір қарқынды қозғалысы бар көлік қиылыстарында салу;

көшелер мен жолдардың көлденең пішініне байланысты жол бойы аумақтарын көгалдандыру және басқа ұйымдастыру шаралары.

Су ресурстарын сарқылу мен ластанудан қорғау үшін бас жоспарда келесі су қорғау шараларының кешені көзделеді:

жер беті суларын ластанудан қорғау үшін су объектілерінің су қорғау аймақтары мен жолақтарын анықтау;

қалалар мен елді мекендердің шаруашылық-ауыз сумен жабдықтаудың орталықтандырылған жүйелерін кеңейту және қалпына келтіру, топтық су таратқыштар салу;

қала маңы аймағының алаңы бойынша су жинағыштарды ұтымды орналастыру;

жер асты суларының суіріктеу жүйесін реттеу;

қала маңы аймағы елді мекендерінің шаруашылық-ауыз су қажеттіліктері үшін суды оңтайлы іріктеуді анықтау жөніндегі гирдогеологиялық зерттеулер жүргізу;

елді мекендердің топтары үшін жайғастыру аймағынан тыс шашыраңқы орналастырылған тазарту құрылымдарының кешендеріне ағын суларды бұру арқылы қала маңы аймағы қалаларының орталықтандырылған кәріз жүйесін кеңейту және қалпына келтіру;

Қаскелең мен Талғар қалаларының, сондай-ақ ауылдық елді мекендердің бір белігінің ағын суларын Алматы қаласының кәріздік тазарту құрылымына (КТҚ) бұру;

Сорбұлақ жинақтаушысының маңайында жер асты сулы қабаттың ластануына бақылау жасау;

Қапшағай қалалық кәріз жүйесіне қоса отырып, Қапшағай су қоймасында демалыс аймақтарының орталықтандырылған кәріз жүйесін салу;

Алматы қаласының нөсерлік кәріз жүйесін салу;

қоқыстарды уақытында тазалау және шығару;

кәріздік коллекторларда апаттардың болуына жол бермеу;

қала маңы аймағының елді мекендерінде орталықтандырылған сумен жабдықтау және кәріз жүйесін салу;

су іркуіш құрылымдардың, сутаратқыштар мен су құбырлары құрылымдарының айналасындағы санитарлық қорғау аймақтарының бірінші және екінші белдеулерін ұйымдастыру;

бұлақтарды тазалау және жабдықтау, жайылымдық шалғындықтарды емдік-жем шөптермен жақсарту.

Электромагниттік сәулелердің әсерінен қорғау үшін келесі шараларды жүргізу ұсынылады:

антенналарды орнату биіктігін өзгерту;

радиотаратқыш нысандарды тұрғын үй құрылысының аумағынан тыс шығару;

электр қосалқы станциялары мен электртарату желілерінің айналасында көгалдандырылған санитарлық-қорғау аймақтарын ұйымдастыру.

Радиоактивті ластанудан қорғау үшін жұмысы радиоактивті элементтерді пайдалануға негізделген приборлардың пайдаланылуы мен сақталуына бақылау жасау ұсынылады.

Жер қыртысының ластануын төмендету жөніндегі негізгі шаралар мыналар болып табылады:

ластанған жер қыртысының құнарлылығын қалпына келтіру;

ауыл шаруашылығы жерлерін мелиорациялау;

бұзылған жерлерді рекультивациялау;

өнеркәсіп кәсіпорындары мен жылу энергия көздерінде атмосфераға зиянды заттардың шығарылуы мен қалдықтардың қалыптасуын азайтуға ықпал ететін қазіргі заманғы технологияларды енгізу.

Жобада мыналар көзделеді: тұрмыстық қатты қалдықтар (ТҚҚ) жетілдірілген полигондарын салу; қалалар мен елді мекендердің жасыл аймақтарын ұйымдастыру, нөсерлік кәріз салу.

Аумақты табиғи сипаттағы қауіпті үдерістерден қорғау үшін бас жоспарда мынадай шаралар қарастырылады:

елді мекендердің аумақтары мен жаңа тұрғын үй-азаматтық құрылыс учаскелерін шағын сейсмоаудандандыру;

мониторинг желісін дамыту және өлшеу аппараттарын жетілдіру;

сейсмикалық қауіпті болжаудың әдістемелік базасын дамыту;
ғимараттарды, құрылыстар мен басқа да объектілерді сейсмикалық тұрақтылыққа зерттеу;
ғимарттар, құрылыстар мен нысандарды сейсмикалық күшейту, ескі үй құрылыстарын бұзу;
жаңа құрылыс жүргізу кезінде құрылыс пормалары мен ережелерінің орындалуын және жаңа құрылыс жүргізу үшін аумақтың бөлінуіне қатаң бақылау жасау.
Жобаланып отырған аумақты сел мен көшкіндерден қорғау мақсатында бас жоспарда селдік ағымдармен күресу жөніндегі келесі инженерлік және гидротехникалық шараларды жүргізу ұсынылады:
қалыптасқан өсімдіктерді сақтау және селдік қауіпті бассейндерде жаңасын өсіру;
көшкіндердің пайда болуын болдырмау үшін баурайларды нығайту;
су режимін қатаң реттеу;
ғарыштан зондтау материалдарын пайдалана және сейсмикалық қауіптілік білімін ескере отырып, көшкіндер болу қауіптерінің картасын жасау.
Жыралар мен жағалардың шайылуының артуымен күресу үшін баурайларды түрлі жабындылармен, тіреу қабырғаларымен нығайту, сондай-ақ ормандық мелиорациялық жұмыстарды жүргізу ұсынылады.

## 9. Аумақты кешенді бағалау

Алматы қаласының қала маңы аймағының функционалдық аймақтандыруы, шаруашылық қызметтің негізгі түрлері үшін ең қолайлы аймақтарды анықтай келе, кешенді интегралдық бағалау негізінде орындалған.
Аумақты кешенді бағалау, көліктік жетімділік, энергиямен жабдықтау, сумен жабдықтау, инженерлік-геологиялық және сейсмикалық жағдайлар, жер қыртысының сипаттамалары, климаттық ерекшеліктер, табиғи өсімдіктің болуы, және аумақты заман талабына сай пайдалану сияқты факторлар бойынша жүргізілген.
Кешенді бағалау бойынша, азаматтық-тұрғын үй және өнеркәсіптік құрылыс, ауыл шаруашылығын дамыту, рекреация және жаппай демалуды ұйымдастыру үшін түрлі қолайлылық дәрежесі жағынан аумақтар бөлінген.
Өнеркәсіптік және азаматтық-тұрғын үй құрылысы үшін ең қолайлы аймақ қарастырылып отырған аумақтың оңтүстік және оңтүстік-шығыс бөлігін алып жатыр және Алматы қаласынан солтүстік пен солтүстік-шығысқа қарай күшті дами алады.
Әлсіз жел режимі мен сейсмикалық қаупінің жоғарылығына байланысты, тау етектеріндегі халқы жиі аумақтар құрылыс үшін аса қолайлы емес.
Алматы - Қапшағай осінің батыс жағынан солтүстіктегі Карой шоқысынан бастап оңтүстіктегі тау етегіне дейінгі аумақта ауыл шаруашылығы қызметінің алуан түрлеріне ең қолайлы аймақ орналасқан. Осы осьтен шығысқа қарай Қапшағай су

қоймасының оңтүстік жағалауынан Үлкен Алматы Каналының (ҮАК) трассасына дейін де ауыл шаруашылық үшін қолайлы жерлер орналасқан. Ауыл шаруашылық жерлері аумақтың барлық оңтүстік бөлігін, шөл-дала аймақтарынан бастап биік таулы альпі шабындықтарына дейін алып жатыр.

Рекреациялық мақсатқа арналған қолайлы аумақтар, жұмсақ тау етегінің климатына , су көздерінің молдығына және ландшафттың алуан түрлілігіне байланысты өңірдің оңтүстік бөлігінде орналасқан.

Рекреациялық мақсатқа арналған шектеулі қолайлы аумақтар Іле Алатауының биік таулы бөлігінде орналасқан және тау туризмі, альпинизм, шаңғы тебу спорты үшін үлкен қызығушылық тудырады. Іле, Қопа, Күрті өзендерінің арналары мен Қапшағай су қоймасының солтүстік жағалауы да су маңында жаппай демалыс орындарын дамыту үшін қолайлы және аса қолайлы болып қарастырылған.

Жалпы әр түрлі қызмет түрлерінің дамуы үшін келешегі зор аумақтар болып, Алматы қаласы қала маңы аймағының шекарасына кіретін аумақтар табылады. Дамыған көлік инфрақұрылымы мен энергия көздерімен жақсы қамтамасыз етілуі оның солтүстік және орталық бөлігінде құрылыс жүргізу үшін аса қолайлы жағдайлар туғызады.

Мұнда негізінен мегаполиске қызмет көрсететін қала маңы шаруашылықтарының құнды суармалы ауыл шаруашылық жерлері орналасқан. Оңтүстікте оларға туризм, рекреациялық пайдалану мен бірегей тау бағбаншылығы үшін едәуір қолайлы аумақтар жалғасып жатыр. Қала маңы аймағының батыс бөлігінде құрылыс пен агроөнеркәсіп кешенін дамытудың келешегі көрініс беріп тұр. Мұның бәрі қаралып отырған бүкіл өңірдің құрамында күрделі және көпсалалы кешенді құрайды, ол оның агломерация орталығы мәртебесіне толығымен сәйкес келеді.

## 10. Аумақты қауіпті табиғи және техногендік үдерістерден инженерлік қорғау

Алматы өңірі Қазақстанның оңтүстік-шығысының сейсмикалық жағынан белсенді аймағына кіреді. Алматы қаласының қала маңы аймағының аумағы негізінен 9 және 8 балдық сейсмикалық аймақта орналасқан.

Зілзаланың қайталама факторларына табиғи және техногендік сипаттағы құбылыстар жатады: опырылып құлаулар, көшкіндер, су басулар, өрт, жарылыстар, күшті әсер ететін улы заттардың (КӘУЗ) шығуы, жердің радиоактивті улануы және т.б.

Алматы өңірінде 42 сел бассейндері бар, оларда сулы опырулар және лайлы тас түріндегі селдердің пайда болуы мүмкін. Сейсмикалық сипаттағы мүмкін болатын селдік қауіптілікте 147 (18%) елді мекендер (оның ішінде Алматы қаласы) тұр.

Сел тасқындарымен күрес шаралары гидротехникалық, мелиоративтік-техникалық, агроорманмелиорациялық және ұйымдастыру-шаруашылық шаралар кешенін қамтиды.

Қазіргі уақытта сел қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін геоақпараттық

технологияларды пайдалану негізінде таулы аумақтар үшін сел қаупіне ғарыштық мониторинг жүргізу мен кешенді бағалауды ұйымдастыру жүргізілуде.

Өзен арналарында гидротехникалық шараларды өткізу және бөгеттер мен олардың су бөлу құрылымдарын күрделі жөндеу, су тасқындары мен су қоймаларының бұзылуынан қорғану шаралары болып табылады.

Қауіп аймағындағы аумақты қорғау үшін ерекше қауіпті учаскелерге мониторинг жүргізу, көшкіндерді мәжбүрлі түрде құлату және көшкіннен қорғау галереяларын салуды қамтитын көшкінге қарсы шаралар қолданылады.

Қала маңы аймағы аумағында кездесетін қауіпті физикалық-геологиялық үдерістерге мыналар жатады: шөгу құбылыстары, жыралардың тузілуі, су басулар, сортаңдану, көшкіндер, эрозия, суффозиялар және т.б.

Бұл құбылыстармен күресу үшін келесі инженерлік шаралар кешені ұсынылады: топырақты техникалық нығайту және фитомелиорациялау, жағалауды бекіту құрылыстарын салу және баурайларды нығайту, аумақты тігінен жоспарлау, гидроокшаулау, қарқынды физикалық-геологиялық әсерге ұшыраған жерлерде құрылысты жүргізбеу, сондай-ақ жағымсыз геологиялық үдерістер мен құбылыстарға мониторинг жүргізу.

Алматы қаласының қала маңы аймағының аумағында техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың туындауы мүмкін нысандар болып табылатын күшті әсер ететін улы заттарды (КӘУЗ) сақтауға арналған санаттандырылған нысандар мен қойма жайлары бар. Апат болған жағдайда негізгі қауіп тудыратындар: хлор, аммиак, күкірт және тұзды қышқылдар. Сонымен бірге қала маңы аймағының аумағында жарылыс және өрт пайда болу қаупіне жататын объектілер орналасқан.

Қауіпсіздік пен халықты техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғау мақсатында КӘУЗ және жарылу қаупі бар заттарды тұтынатын немесе өндіретін кәсіпорындарда мыналар ұсынылады:

қала маңы аймағының шекарасында қауіпті заттарды сақтау мерзімі мен қорларын барынша азайту;

қауіпті сұйықтардың шығуы мен ағуын болдырмайтын техникалық шараларды жүргізу;

бағытталған суағарлармен торлар және амбарлар орната отырып, апаттарды жою жөніндегі шараларды сақтау;

алдын алу шараларын жүргізу (жөндеу, техникалық тексеру және жабдықтарды сынау);

кәсіпорындардың қауіпті тастандыларына, шығарындыларына және қалдық заттарына мониторинг жүргізу.

Алматы қаласы қала маңының аймағын дамыту бойынша техникалық-экономикалық көрсеткіштер Алматы қаласы қала маңы аймағының бас

жоспарының (Аумақтардың қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемасы) 1-қосымшасында берілген.

## 11. Қала маңы аймағының аумағын сәулет-жоспарлық ұйымдастыру

### 11.1 Қала маңы аймағының аумағын дамытудың кеңістіктік тұжырымдамасы

Қала маңы аймағының аумағын дамытудың кеңістіктік тұжырымдамасы - есептік мерзімнің шегінен тыс жайғастырудың барлық резервтегі алаңдарын және есептік мерзімдегі қаланың келешектегі даму аумақтарын қамтыған және бірыңғай инженерлік-көліктік инфрақұрылымы бар Алматы қаласындағы өзара байланысқан құрылымдық элементтердің жүйесі ретінде ойластырылған.

Бас жоспарда оны дамытудың келесі тұжырымдық бағыттары қабылданған:

қала маңын дамытудағы ұлттық идея;

Алматыдағы туризм және рекреация аймағын құру;

экологиялық таза ортаны құру тұжырымдамасы;

Алматы қаласының қала маңы аймағының сейсмикалық қауіпсіздік тұжырымдамасы;

Алматы қаласын бақ-қала ретінде дамыту тұжырымдамасы;

Алматы курорттық аймағын құру тұжырымдамасы;

экономикалық базаны дамыту тұжырымдамасы;

халықтың азық-түлік қауіпсіздігінің тұжырымдамасы;

қала маңы аймағында аграрлық кешен құру тұжырымдамасы;

қала маңы аймағының құрылыс индустриясын дамыту;

қала маңы аймағының әлеуметтік тұжырымдамасы;

өңірлік медициналық орталықты құру.

Алматы қаласы - ірі қаржылық және мәдени орталық ретіндегі және қызмет көрсетудің барлық жүйелері қамтылған Қазақстанның ірі мегаполисі.

Қала маңы аймағын заман талабына сай пайдалануды талдау Алматы қаласын аумақтық дамытудың келесі сипаттық мәселелерін айқындады:

қаланың солтүстік бөлігінде 7 баллдан бастап, тау етегінде 9 баллға дейін болатын аумақтардың жоғары сейсмикалық қауіптілігі;

шатқалдардан шығу жерінде және тау суларының шатқалдарында қалыптасқан жайғастыру аймақтарындағы аумақтардың сел қауіптілігі;

қиын инженерлік-геологиялық жағдайда сипатталатын аумақтардың болуы;

1 және 2-санаттағы шөкпе топырақтардың болуы;

қала аумағының нашар желденуі;

қала шекараларындағы аумақтық ресурстардың болмауы;

әуежайдың шуылдау әсері, ұшу қауіпсіздігінің қамтамасыз етілмеуі, әуе кеңістігінің

ластануы;

сейсмикалық қауіпті тұрғын үй қорларының болуы;

көмірмен жұмыс істейтін жылу көздерінің және қоршаған ортаны ластайтын өнеркәсіптік кәсіпорындардың болуы;

жеңіл көліктердің көптігіне байланысты әуе бассейнінің ластануының жоғары дәрежесі;

ірі мегаполистің айналасындағы айналма жолдардың жоқтығы, ықпал ету аймағы мен қала маңы аймағының көліктік қаңқасының дамытылмауы;

Алматы қаласы және қала маңы аймағындағы елді мекендер арқылы транзиттік көліктің өтуі;

Алматы агломерациясының өзегінің орталық бөлігінде еңбек орындарының, ірі базарлардың, аэробекеттердің, автобекеттердің, жоғары және арнайы орта білім беру мекемелерінің орналасуы;

тұрғын үй-азаматтық құрылыс жүргізу үшін аумақтық ресурстардың жоқтығы жағдайында Алматы қаласы халқының өсуінің жоғары қарқындылығы;

жасыл қорғаныс аймақтарының болмауы.

Қала маңы аймағының бас жоспарымен үш өнеркәсіп ауданына біріктірілген қаланың өнеркәсіп кәсіпорындарының аумағын қарастырылған және талдау жасалған. Олар: Батыс, Орталық және Солтүстік аудан. Өнеркәсіп алып жатқан жалпы алаң шамамен 2065 гектарды құрайды.

Өнеркәсіп аудандарында экономиканың түрлі салаларының: машина жасау, құрылыс индустриясы, химия және тамақ өнеркәсібі, ағаш өңдеу бойынша 160-тан астам өнеркәсіп кәсіпорындары мен өндірістік объектілер орналасқан. Өнеркәсіп аудандарында үлкен аумақты өндірістік емес мақсаттағы нысандар: қоймалар, сауда кәсіпорындары, қызмет көрсету кәсіпорындары алып жатыр.

Қазіргі жағдайды зерттеу мен талдау негізінде жобада қаладағы бар өнеркәсіп кәсіпорындарын жоспарлық қайта ұйымдастыру мен ретке келтіру ұсынылады.

Алматы қаласының экологиялық ахуалын жақсарту мақсатында өнеркәсіп пен қойма кәсіпорындарын қала ішіндегі, сонымен бірге қала маңы аймағындағы жаңа аумақтарға ауыстыру және өнеркәсіп пен қойма кәсіпорындарының бір бөлігін Алматы қаласынан қала маңы аймағындағы жаңа аумақтарға көшіру көзделіп отыр.

Алматы қаласының халқын келешекте қала шекарасынан тыс қоныстандыру ұсынылып отыр. Бұл мақсаттар үшін келесі бос алаңдар ұсынылады: Шығыс, Батыс, Боралдай, Междуреченск, Жаңаталап, Қараой.

Алматы қаласының қала маңы аймағы мен ықпал ету аймағына кіретін ірі елді мекендерді келешекте дамыту әзірленген 58 бас жоспарға сәйкес көзделіп отыр.

Бас жоспарлар әзірленген елді мекендердің негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштері Алматы қаласы қала маңы аймағының бас жоспарының (Аумақтардың қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемасы) «Бас жоспарлар әзірленген елді

мекендер бойынша (58 елді мекен) негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштерінің жиынтық тізбесі» деген 2-қосымшасында берілген.

Азық-түлік қауіпсіздігі, қала және қала маңы халқын тамақ өнімдерімен қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығына пайдаланылатын жерлерді жекешелендіру жағдайында негізгі мәселеге айналып отыр.

Аграрлық кешен аймағын бөліп алу және аумаққа осы функцияны құқықтық жағынан бекіту шешімі де қала маңы аймағы бас жоспарында көзделген маңызды және өзекті мәселе болып табылады.

Қала маңы аймағының бас жоспарында ішкі тұтыну және экспортқа шығару үшін экологиялық таза ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру жөніндегі аграрлық кластерді ұйымдастыру бойынша, сондай-ақ өсіп жатқан халық үшін тұрғылықты жерге жақын орналастырылған және жергілікті ресурстарды пайдаланатын салаға бейімделген өнеркәсіп пен өндірістік аймақтарда еңбек ету орындарын ашу бойынша ұсыныстар берілген.

## 11.2 Аумақты функционалдық аймақтандыру

Аумақты, келешектегі жоспарлық құрылымды, қала маңы аймағының әлеуметтік-экономикалық даму үрдістерін, қоршаған ортаның жалпы табиғи-экологиялық сипаттамасы мен оны қорғаудың негізгі бағыттарын кешенді қалақұрылыстық талдау мен бағалаудың негізінде Алматы қаласының қала маңы аймағы бас жоспарының жобалық шешімдерімен келесі функционалдық аймақтар бөлініп алынған:

Жайғастыру аймағы Алматы қаласының ықпал ету аймағының елді мекендерінің басым бөлігі, азаматтық және өнеркәсіп құрылыстары, инженерлік-көлік инфрақұрылымы, ірі көздер мен құрылыстар шоғырланған едәуір қарқынды игерілген аумақтарды қамтиды.

Жайғастыру аймағы қала маңы аймағымен бірге Алматы қаласының ықпал ету аймағының оңтүстік орталық бөлігінде, республикалық және облыстық маңызы бар автожолдардың негізгі жоспарлау осьтерінің бойымен бойлай орналасқан және Алматы қаласының аумағын, Алматы қаласынан 25 - 30 км қашықтықта қарқынды қоныстану аймағын білдіреді. Сонымен бірге «солтүстік-оңтүстік» жоспарлау осінің бойымен индустриялық-өнеркәсіп және рекреациялық даму бағыттарымен байланысты қоныстану қалыптасқан.

Жобада аталған аймақта жоғары урбанизацияланған аумақтардың қосалқы аймақтарын бөліп алып, олардың шегінде Алматы қаласының, сонымен бірге серіктес қалалардың да қалалық қоныстануын дамыту көзделеді. Бұл орайда болашақ елді мекендерді нығайту және бірқатар жақын жатқан мекендерді тұтас жүйеге біріктіру жүргізіледі.

Ауыл шаруашылық өндірісі мен бау-бақша аймағы Алматы қаласының ықпал ету аймағының шеткері оңтүстік, солтүстік-батыс, солтүстік-шығыс бөліктерінде орналасқан. Ауыл шаруашылық өндірісі мен бау-бақша аймағы едәуір құнарлы, егістікті-жарамды суармалы және суарылмайтын жерлер мен бау-бақша аймағын қамтиды.

Бұл аймақта аппорт аймағын, ауылдық қоныстану және ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндірісі орналасады. Едәуір құнарлы, егістікті-жарамды суармалы және суарылмайтын жерлер оңтүстік жазықтық, тау етегі мен аласа тау бөліктерінде орналасқан, бұл жерлерді құрылыстың барлық түрлері үшін алуға болмайды.

Ауыл шаруашылық өндірісі мен бау-бақша аймағы ауылдық қоныстанудың тарихи қалыптасқан қосалқы аймағынан тұрады және табиғи түрде қалыптасқан серіктес қалалар Қаскелең, Талғар, Есікке жалғасады. Ауыл шаруашылық жайғастыру аймағына саяжай массивтері мен бау-бақша серіктестіктері жатады.

Аумақты кешенді бағалауға жүргізілген талдауға байланысты тау етегі мен тау аймағы қоныстану үшін қолайсыз және ауыл шаруашылық өндірісі мен бау-бақшаны әрі қарай дамытуға ұсынылады.

Бас жоспарда сондай-ақ бұл аумақтарды олардың басты функциясы ретінде: саяжай массивтері мен бау-бақша серіктестіктерінің орнында жеке тұрғын үй құрылысын ( ЖТҚ) дамытуға тыйым сала отырып, ауыл шаруашылық өндірісі мен бау-бақша аймағын жандандыру ұсынылады. Ауылдық қоныстану шегінде елді мекендерді дамыту қатаң реттеуге жатады.

Жобада бұрынғы бақтар аймағында аппорт аймағын қайта жасау, бақтарды өсіре отырып, шаруа қожалықтарын барынша сақтау көзделеді.

Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және басқа мақсаттағы аумақтар аймағы. Бұл аймақтың құрамына өнеркәсіп аумақтары, автомобиль мен темір жолдар астындағы жерлер, өңірлік инженерлік желілер, инженерлік қамтамасыз ету көздері, ірі инженерлік құрылыстар, коммуналдық аймақтар, әскери қалашықтардың, құрылымдар мен арнайы мақсаттағы нысандар аумағы, оның ішіне жабық және басқа да аумақтар кіреді.

Таулы рекреациялық аймақ, ойын-сауық және спорттық-сауықтыру нысандарының аймағы, демалысты, емдеу мен туризмді ұйымдастыру үшін қолайлы табиғи-климаттық жағдайлары бар тау етегі, аласа таулы және биік таулы аймақтарда рекреациялық ресурстардың болуымен сипатталады, және Үлкен және Кіші Алматы, Қаскелең, Талғар, Есік, Шамалған және т.б. тау өзендерінің шатқалдарының бойында қалыптасқан аумақтарды қамтиды.

Бұл аумақтар жақын жатқан қоныстану аймақтарының тұрғындары үшін қол жетімді шаңғы курортын, спорттық-сауықтыру объектілерін, тау-шаңғысы демалыс аймақтарын, демалыс үйлерін, шипажайларды, отбасылық демалу мен қызмет көрсету кешендерін және т.б. дамытуға арналған.

Бұл аймақта өңір үшін маусымдық, дәстүрлі биік таулы альпілік және субальпілік шабындықтардағы отарлы жайылымдық мал шаруашылығының қосалқы аймағы сақталып қалған және экологиялық жағынан таза емдік тамақ өнімдерін (қымыз, шұбат, ет және т.б.) жеткізе отырып, шипажайлық-курорттық емдеу аймағын толықтырады.

Орман, су қорының аумақтары, жер қорлары. Бұл функционалдық аймаққа табиғи ормандармен көмкерілген аумақтар, өзендер мен су қоймалары орналасқан аумақтар, сондай-ақ жер қорлары кіреді. Бұл функционалдық аймақтың аумағы жер қорларын қоспағанда, нысаналы мақсатын өзгертуге қатаң шектеу қойылған аумақтар болып табылады.

Қала маңы аймағының орман қоры Іле Алатауы мен Күнгей Алатауы және Кетпен таулары жоталарының солтүстік баурайында өсіп жетілген тау ормандарынан және Іле өзенінің алқабы (тоғайлар) мен Іле өзенінің төменгі ағымындағы оң жақ және сол жақ жағалауларының солтүстік-батыс бөлігіндегі құмдауыт жазықтықта (шөл ормандары) өсіп жетілген жазықтық ормандарынан тұрады. Ормандар ауыл шаруашылығы егістерін климаттың қолайсыз әсерлерінен (аңызақ желдерден, шаңды борандардан) қорғау функциясын атқарады, микроклимат пен топырақтың су-ауа балансын жақсартады, соның негізінде егіндердің бітік шығуын арттыруға ықпал етеді.

Қала маңы аймағындағы ормандар қала маңы аймағының жобаладағы жасыл аймағымен бірге Алматы қаласының бірыңғай жасыл белдеуін құрайды.

Алматы қаласының қала маңы аймағының құрамында тұрғындардың демалысын ұйымдастыруға, микроклиматты, атмосфералық ауаны жақсартуға, санитарлық-гигиеналық және қоршаған ортаны қорғау функцияларына арналған жасыл аймақ ұйымдастырылады.

Жобалық жасыл аймақ 53,7 мың гектар аумақты қамтиды, оның құрамына:

Үлкен Алматы айналма автомобиль жолының (ҮАААЖ) бойындағы қорғаныс орман алқаптары - 11,68 мың гектар;

өзендер бойындағы жасыл желек - 21,20 мың гектар кіреді.

Қала маңы аймағының жасыл аймағына тағы да:

жазықтағы және таулы бақтар аймағы - 12,0 мың гектар;

плантациялық теректердің селекциялық учаскелері - 5,28 мың гектар;

егістіктің қорғаныс орман алқаптары - 6,7 мың гектар;

тәлімбақ - 0,97 мың гектар;

өндірістік аймақтардан санитарлық-қорғаныс орман алқаптары - 9,7 мың гектар жатады.

Көлік-коммуникациялық дәліздер аймағы. Бұл аумақтар негізгі автомобиль және темір жол трассаларының бойында орналасқан, олардың бойымен жоба бойынша магистральдық инженерлік коммуникацияларды төсеу көзделеді.

Жобада инженерлік-көлік инфрақұрылымы мен көлік-коммуникациялық дәліздерді әрі қарай дамыту ұсынылады. Жаңа айналма магистральдық темір жолдарды салу

ұсынылып отыр.

Қараой шоқысының шығыс шекарасымен өтетін Шу - Алматы -Қапшағай - Талдықорған темір жол магистралінің айналма трассасының бойымен көлік-коммуникациялық дәліз қалыптастыру көзделіп отыр.

Үш көлік айналма автожолын қалыптастыру ұсынылады. Жобада батыс, солтүстік-батыс және шығыс бағыттардағы сыртқы авто шығу жолдарын күшейту ұсынылып отыр. Темір жол магистралінің оңтүстік жағынан бастап шығыс бағытта Қорғасқа қарай транзиттік халықаралық магистраль рөлін атқаратын жаңа автомобиль трассасын салу көзделіп отыр.

Алматы қаласы мен серіктес қалалардың, «G-4 City» төрт қаласын қоса отырып, арасындағы жылдам көлік қатынасын қамтамасыз ету үшін Алматы - Қапшағай - Талдықорған темір жолының базасында жылдам трамвай түріндегі жылдам жолаушылар жолын салу көзделіп отыр.

Қапшағай қаласының болашақ даму аумағының батыс жағынан өтетін айналма теміржолының бойымен айналма жол салынғаннан кейін болашақта Алматы - Қапшағай автожолын «G-4 City» қалаларының негізгі жолдарымен түрлі бағыттарда қиылыстыра отырып, қалалық үздіксіз қозғалыс магистралі ретінде пайдалану ұсынылады. Батыс және шығыс бағыттарда Алматы - Қаскелең - Шамалған, Алматы - Талғар - Есік жылдам жүретін трамвай трассасын төсеу ұсынылады.

Көлік дәліздерінің бойымен газбен жабдықтау және электрмен жабдықтаудың магистральды желілерін орындау көзделіп отыр.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар аймағы. Қала маңы аймағы мен Алматы қаласының ықпал ету аймағының аумағында ұлттық табиғи саябақтар мен басқа да ерекше қорғалатын нысандар: Алматы мемлекеттік қорығы, Іле Алатауы табиғи саябағы, Алтын Емел табиғи саябағының бір бөлігі, сондай-ақ «Медеу» мемлекеттік табиғи саябағы орналасқан. Бұл жерде ескіден қалған жабайы жидек бақтарының аймағы атап көрсетілген. Ерекше қорғалатын аумақтардың қорғау нысандарына бірегей ландшафтар, табиғи кешендер, Іле Алатауының сирек кездесетін, жойылып бара жатқан флорасы мен фаунасының түрлері, табиғи тоғайлар, ормандар, альпілік шалғындықтар, көлдер жатады.

Мемлекеттік ұлттық табиғи саябақ - биологиялық және ландшафтық алуан түрлілікті сақтауға, ерекше экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық құндылыққа ие мемлекеттік табиғи-қорықтық қордың бірегей табиғи кешендері мен нысандарын табиғатты қорғау, экологиялық-ағартушылық, ғылыми, туристік және рекреациялық мақсаттарда пайдалануға арналған табиғатты қорғау және ғылыми мекеме мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақ.

Мемлекеттік ұлттық табиғи саябақтардың аумағы келесі аймақтарға бөлінеді: қорықтық режимдегі, экологиялық тұрақтандыру, туристік және рекреациялық қызмет, шектеулі шаруашылық қызмет аймағы. Мемлекеттік ұлттық табиғи саябақтың барлық

аймақтарында қорғау, сақтау және қалпына келтіру шаралары жүргізіледі.

Мемлекеттік ұлттық табиғи саябақтардың аумағындағы барлық қызмет түрлері Қазақстан Республикасының «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

«Алтын Аймақ Жетісу» этномәдени ландшафтық белдеу аймағы. Қаралып отырған өңірдің бірегей табиғи-ландшафтық кешені, оның бай мәдени мұрасы ұлттық идеяны қалыптастыру, жобаланып отырған өңірдің өңірлік ұқсас кейпін жасау мақсатында мәдени мұра нысандары мен кешендерін сақтау және оларды қазіргі заманғы қоныстану жүйесіне кіргізу қажеттілігін тудырады.

«Алтын Аймақ Жетісу» этномәдени ландшафтық аймағының дамуы Ұлы Жібек Жолының жоғарғы трассасының бойындағы негізгі композициялық осьте, ескерткіштер барынша көп шоғырланған жерлерде қарастырылады. Этномәдени белдеудің тереңдегі тармақтары негізгі осьті солтүстік бағыттағы меридиандық осьтермен байланыстырады.

Этномәдени ландшафтық белдеу аймағы шығыс пен батысқа қарай меридиандық шығу жолдарымен Іле Алатауы тауының баурайын бойлай Қаскелең қаласы, Шамалған және Ұзынағаш ауылдарының аумағынан өтеді. Этномәдени белдеуінің солтүстік тармағы меридиандық этномәдени ландшафтық саябағымен бірге Үлкен Алматы өзенінің жайылымына қарай шыға отырып, Үлкен Алматы каналының бойымен өтеді.

«Алтын Аймақ Жетісу» этномәдени белдеуі ежелгі және жаңа тарих, мәдениет, қала құрылысы және сәулет ескерткіштерін қамтитын бай тарихи-мәдени мұра негізінде құрылады. Бұл жерде мәдени мұра ескерткіштерін қалпына келтіру және рекреациялық туристік бағыттағы нысандарды орналастыру көзделеді.

«Алтын Аймақ Жетісу» этномәдени ландшафтық белдеу бойынша жобалық шешімдер «Жібек жолының тарихи орталықтарын қайта жандандыру, түркі тілдес халықтардың мәдени мұрасын сақтау және сабақтастық дамыту, туризм инфрақұрылымын құру» мемлекеттік бағдарламасына сәйкес орындалды.

## 11.3 Жоспарлау құрылымы

Қала маңы аймағы мен Алматы қаласының ықпал ету аймағының жоспарлау құрылымында агломерацияның басым және негізгі ядросы Қазақстанның ірі мегаполисі Алматы қаласы болып табылады. Алматы қаласын қаржылық, мәдени және оқу орталығы ретінде дамыту, урбанизация қарқынын және қала маңы аймағы мен ықпал ету аймағының ауыл шаруашылық және өнеркәсіп өндірісін дамыту деңгейін анықтайды.

Қала маңы аймағы мен Алматы қаласының ықпал ету аймағының аумағын келешектегі кеңістікті ұйымдастырудың негізіне қала және ауыл халқы үшін қолайлы өмір сүру ортасын құру, Қазақстанның ірі мегаполисі Алматы қаласын серіктес

қалалармен, сондай-ақ облыстың әкімшілік аудандарының ауылдық округтерінің қоныстану жүйелерімен үйлесімді әрі өзара байланыста дамыту міндеті қойылған.

Аумақты кешенді бағалау және қала құрылыстық талдау негізінде жобада өңірдің есептік мерзімде және одан тыс уақытта толық болашақ дамуына есептелінген жоспарлау құрылымы мен аумақтық ұйымдастыру үлгісі ұсынылды.

Өңірдің қала құрылыстық дамуының жоспарлық шешімдерін әзірлеуге қала маңы аймағы мен Алматы қаласының ықпал ету аймағында қалыптасатын ядросымен бірге, Алматы облысының қалыптасқан жоспарлау құрылымы негіз болды. Жобада оны әрі қарай жетілдіру мен дамыту көзделіп отыр.

Алматы қаласы мен қала маңы аймағының «қалаэкологиялық негізі» жоспарлау құрылымы, халықты еңбек ету орындарымен, қызмет көрсету және демалу мекемелерімен қамтамасыз ете отырып, орталық тарихи ядро мен төрт жоспарлық бағытты қалыптастыруды көздейді: батыс - Қаскелең, солтүстік-батыс - Астана, солтүстік - Қапшағай, шығыс - Талғар.

Ұсынылып отырған жоспарлық құрылым - аэрацияның жасыл аймақтарын құруға және халықты бөліп орналастыруға мүмкіндік беретін, құрылыс салынған және құрылыс жүргізілмеген жасыл аумақтардың кезектесуімен жинақы бөлінген құрылым ретінде шешілген.

Негізгі магистральдар мен Алматы қаласының негізгі даму бағыттарының құрылымы тарихи ядроға қатысты тарамдалған-айналма құрылымға ауысады, ол жасыл және құрылыс жүргізілген сыналардың қалыптасу қажеттігін айқындайды.

«Жаңа Іле» көп функциялы туристік орталықты құру жобасы, қоныстанудың солтүстік осі бойымен Алматы қаласының «G-4 City» төрт серіктес қалаларын құру жобасы, Қапшағай су қоймасының жағалауында демалу аймағын құру және Қапшағай қаласын туризм орталығы мен рекреация қызметін көрсету бойынша негізгі қала ретінде дамыту секілді жаңа қала құрылыстық алғышарттар Алматы қаласының қоныстануын дамудың солтүстік векторына қайта бағыттауда маңызды болып табылады.

Жоспарлық құрылымның негізгі элементтері дәстүрлі түрде жоспарлау осьтерімен, елді мекендердің тірек желілерімен және қала маңы аймағы мен Алматы қаласының ықпал ету аймағының келешектегі көлік қаңқасымен өзара келісілген жоспарлау орталықтары болып табылады.

Мемлекетаралық маңызы бар автожолдар бірінші реттегі басты жоспарлау осьтері болып табылады. Республикалық және облыстық маңызы бар автожолдар екінші реттегі жоспарлау осьтері болып табылады. Бірінші реттегі жоспарлау орталығы - Алматы қаласы, екінші реттегі жоспарлау орталықтары - Талғар, Қаскелең, Қапшағай, Gate City Colden City, серіктес қалалары, Өтеген Батыр кенті, Междуреченск ауылы болып табылады.

Құрылыс жүргізілген аумақтардағы урбанизацияланған сыналар негізінен дамудың

негізгі бағыттарының бойымен шығыс, батыс, солтүстік және солтүстік-батыс бағыттарда орналастырылады. Бұл жерде тығыз қалалық құрылыс жүргізіп, олардың арасында төмен урбанизацияланған сиретілген жасыл сыналардың аймақтарын құру көзделіп отыр. Оларда регламент бойынша: орман-саябақ аумақтарын, шаруа қожалықтарын, коттеджік және ауылдық жеке үй құрылысының сиретілген аймақтарын құру көзделген.

Ауылдық қоныстанудың жоспарлық құрылымы әкімшілік аудандар аумағының ауылдық округтерге бөлінуіне сәйкес қалыптасқан: Алматы қаласының ықпал ету аймағының шығыс жақ бөлігінде екі жүйе және батыс жақ бөлігінде бір жүйе.

Ауылдық қоныстанудың шығыс жүйесі Еңбекшіқазақ және Талғар аудандарында ауылшаруашылық өндірісі мен агроөнеркәсіп кешенінің келешектегі даму аймағында, таулы және жазықтағы баулар аймағында, туризм, спорт, курорттар аймағында, « Алтын Аймақ» этномәдени белдеуінің шығыс тармағы аймағында орналасқан. Бұл қоныстану жүйесі ауылдық елді мекендердің, теміржол станциялары мен разъездерінің айтарлықтай мөлшерімен сипатталады, олардағы халық ауылшаруашылығы өнімдерін өндіруде, қайта өңдеу өнеркәсібі салаларында, логистикалық орталықтарда, сондай-ақ демалыс, спорт, туризм нысандарына қызмет көрсету жөніндегі қызметтерді көрсетуде жұмыс істейтін болады.

Ауылдық орналасудың батыс жүйесі Қарасай және Жамбыл аудандарында, ауылшаруашылық өндірісі аймағында, таулы және жазықтағы баулар аймағында, тарихи-мәдени туризм, спорт, курорттар аймағында, «Алтын Аймақ» этномәдени белдеуінің батыс жақ тармағы аймағында орналасқан. Бұл қоныстану жүйесі ауылдық елді мекендермен, теміржол станциялары және разъездерімен сипатталды. Олардағы халық ауылшаруашылығы өнімдерін өндіруде, қайта өңдеу өнеркәсібі салаларында, логистикалық орталықтарда, сондай-ақ демалыс, спорт, туризм нысандарына қызмет көрсету жөніндегі қызметтерді көрсетуде жұмыс істейтін болады.

Үлкен Алматы айналмалы автомобиль жолының (ҮАААЖ) шегінде Алматы қаласының даму аймағы және сонымен бірге аумақтарда құрылыс жүргізудің ерекше қала құрылыстық реттеу аймағы орналасады.

## 11.4 Резервтік аумақтар мен өнеркәсіптік және азаматтық құрылыс жүргізуге арналған алаңдар

Келешекте өнеркәсіп және азаматтық құрылыс жүргізу үшін резервтік аумақтарды анықтау келесі негізгі факторларға талдау жасау негізінде жасалды: инженерлік-геологиялық жағдайлар, электрмен жабдықтау және сумен жабдықтау көздерінің болуы, көлікпен қамтамасыз етілуі.

Бас жоспар жобасында қала маңы аймағының аумағында қала және ауыл халқын орналастыру үшін резервтік алаңдар белгіленген: Шығыс (№ 1 Шығыс алаңы, № 2

Шығыс алаңы), Батыс (Батыс Оңтүстік, Батыс Солтүстік), Первомайский, Боралдай (Солтүстік Боралдай, Оңтүстік Боралдай), Междуреченск, Жаңаталап алаңы, Қараой алаңы.

Алматы қаласынан шығарылатын өнеркәсіп кәсіпорындарын орналастыру және жаңадан құрылатын өнеркәсіп пен қойма кәсіпорындарын келешекте орналастыру үшін бас жоспар бойынша қала маңы аймағының аумағында келесі өнеркәсіп аудандарын құру қарастырылған:

«Междуреченск» өнеркәсіп аймағы - 5250,0 гектар;
«Арна» өндірістік кластері - 1150,0 гектар;
Жетіген ауылындағы логистиалық орталық — 780,0 гектар;
«Growing City» өнеркәсіп аймағы - 950,0 гектар;
«Қайрат» өнеркәсіп аймағы - 1250,0 гектар;
Алатау кентіндегі ақпараттық технологиялар паркі (АТП-1) 340,0 гектар;
Жаңаталап ауылы аймағындағы инновациялық технологиялар паркі (ИТП-2) - 370,0 гектар;
Жамбыл ауылы аймағындағы инновациялық технологиялар паркі (ИТП-3) - 330,0 гектар;
Чапаев ауылындағы өнеркәсіп аймағы - 390,0 гектар;
Қоқыс өңдеу зауытының өнеркәсіп алаңы - 290,0 гектар;
ЖЭО-2 өнеркәсіп ауданы - 610,0 гектар;
«Заречный» өнеркәсіп аймағы - 184,0 гектар;
«Ақсеңгір» индустриялық паркі - 550,0 гектар;
«Восточная» өнеркәсіп алаңы - 540,0 гектар.

Жобада көзделіп отырған жаңа өнеркәсіп алаңдарында жоғары технологиялық, экологиялық таза және ғылымды көп қажет ететін кәсіпорындарды орналастыру ұсынылады.

## 11.5 Аумақтың қала құрылысын аймақтандыру

Бас жоспар аумақтарды функционалдық пайдаланудың (функционалдық мақсаты) талаптары мен регламенттерін белгілейді.

Белгіленген аумақтарды функционалдық аймақтандыру және функционалдық аймақтардың ортақ регламенттері қала құрылыстық қызметті жүзеге асыру кезінде қала маңы аймағының аумағын Алматы қаласының қала маңы аймағының қала құрылысын дамытудың мақсаттарына, талаптарына және негізгі бағыттарына сәйкес пайдалану бойынша бақылауын қамтамасыз етеді.

Аумақтарды функционалдық аймақтандыру және ортақ регламенттер Алматы облысы мен Алматы қаласы жергілікті атқарушы органдарының жер телімдерін қала құрылыстық пайдалануда шешімдер қабылдау кезінде міндетті болып табылады.

Осы жобада белгіленген аумақты функционалдық аймақтандыруға қайшы келетін қала құрылыстық қызметке «Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық мекендерді жоспарлау және салу» 3.01.01-2008 Қазақстан Республикасының құрылыс нормаларымен және ережелерімен тыйым салынады.

Бас жоспар Алматы қаласының қала маңы аймағының аумағын пайдалануды реттейтін басты қала құрылыстық құжат және бірінші кезектегі және келешектегі қала құрылыстық шаралардың Бағдарламаларын әзірлеу үшін базалық негіз болып табылады.

Бас жоспар Алматы қаласының қала маңы аймағының қазіргі функционалдық пайдаланылуының өзгеруінің келесі үрдістерін көрсетеді:

Алматы агломерациясының қала халқын қоныстандыру үшін аумақтарды тәртіпке келтіру және дамыту;

рекреациялық мақсаттағы аумақтың өзгеруі мен кеңеюі және мамандандырылған туризм мен рекреация нысандарын құрылысы;

Алматы қаласының ықпал ету аймағына кіретін ауылдық елді мекендерді дамыту үшін аумақтың кеңеюі;

халықты азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету үшін агроөнеркәсіптік кешен аймағын құру;

Қазақстанның ірі мегаполисі - Алматы қаласында экологиялық ахуалды жақсарту үшін жасыл орман-саябақ белдеуін жасау;

ірі өнеркәсіп аймақтары мен индустриялық-логистикалық орталықтарды, ақпараттық және инновациялық парктерді қалыптастыру үшін аумақтарды тәртіпке келтіру және дамыту.

## 12. Көлік инфрақұрылымын дамыту

### 12.1 Жалпы деректер

Алматы қаласының қала маңы аймағының қазіргі заманғы көлік инфрақұрылымының негізін автомобиль жолдары, темір жол көлігі, әуе көлігі, автомобиль көлігі құрайды. Қазіргі инфрақұрылым құбыр жолдары көлігімен және, шамалы деңгейде, Қапшағай су қоймасының акваториясындағы су көлігімен толықтырылады.

Сапалы көлік қызметтеріне деген өсіп келе жатқан әлемдік сұраныс Еуропа мен Азияның түйіскен жерінде орналасқан Қазақстан Республикасында көлік-коммуникация жүйесін қалыптастыруды қажет етеді.

Алматы қаласының қала маңы аймағының шегінде Солтүстік-Оңтүстік,

Батыс-Шығыс бағыттарында континенталдық және трансконтиненталдық транзитті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін қазіргі заманғы жер үсті және әуе магистральдары желісін құру көзделген.

## 12.2 Әуе көлігі

Әуе көлігі желісін дамыту Алматы қаласы әуежай инфрақұрылымын қайта құру мен жаңартуды аяқтап, 2015 жылға дейін жүк тасымалын 100,0 мың тоннаға, жолаушы тасымалы көлемін 3228,0 мың адамға дейін жеткізуді көздейді. 2035 жылы жүк тасымалының көлемі 2,5 есеге өсіп, жылына 250,0 мың тоннаны, ал жолаушы тасымалы 2 есеге өсіп, 6456 мың адамды құрайды.

Қазақстан нарығындағы әуе тасымалы көлемінің артуы Алматы маңы аймағының аумағында қуатты көлік тораптарын құруды қажет етеді.

Қапшағай су қоймасының солтүстігінен таңдап алынған әуежайды дамытуға арналған алаң республикалық трассаларға бағытталған транзиттік қонуларды қабылдай алады. Осылайша, Алматы қаласындағы экологиялық өткір мәселе бәсеңдеп, Алматының әуе торабындағы жағдайдың жақсаруына оң әсерін тигізеді.

Бұдан басқа, әуежай Батыс Еуропа мен Оңтүстік Шығыс Азия арасындағы әуе тасымалын байланыстырушы транзиттік торап бола алады.

Туристік және жергілікті тасымалдауды қамтамасыз ету үшін жобада Алматы қаласының маңындағы аймақта екі тікұшақ алаңын орналастыру көзделген.

## 12.3 Темір жол көлігі

Алматы қаласының маңы аумағының шегінде темір жол көлігі Семей - Шу магистралінің ықпал ету аймағындағы ұзындығы 175,5 километр болатын бөлігін, оның ішінде қала маңы аймағында 123,5 километр және 20 километрлік «1-Алматы - 2-Алматы» тармағы мен 1-Алматыдан Семейге кететін бағытты қамтиды.

Есептік мерзімде Алматы қаласының қала маңы аймағының көлік-логистикалық инфрақұрылымын қалыптастыруда төмендегілерге негізгі басымдылық беріледі:

қала маңы аймағының шекарасында ұзындығы 60 км «Жетіген - Қорғас» темір жол учаскесінің құрылысы (құрылыстың бірінші кезегінде);

Междуреченск темір жол бекеті орналастырылатын Алматы қаласын айналып өтетін ұзындығы 68 километр жолдың құрылысы («Құрқұдық - Междуреченск - Жетіген» темір жол айналма учаскесі);

Ұзындығы 78 километр Қапшағай қаласын айналып өтетін темір жол учаскесінің құрылысы.

Есептік мерзімде Алматы қаласының ықпал ету аймағының шегіндегі темір жолдардың жалпы ұзындығы 381,5 километр, оның ішінде қала маңы аймағының шегінде 289,5 километр, Алматы қаласында - 20 километр, оның ішінде халықаралық

темір жол транзит дәлізі 206 километрді құрайды.

Алматы қаласының қала маңы аймағының шегіндегі жүк транзиті қазіргі уақытта жылына 6 миллион тоннаны құрайды. Құрылыстың бірінші кезегінде жүк айналымы жылына 10 миллион тоннаға дейін артады. Есептік мерзімде жүк айналымы осы аймақта жылына 25 миллион тоннаға дейін өседі. Алматы қаласының аумағында жолаушылар қозғалысы тәулігіне 36 жұп пойыз құрайды.

## 12.4 Автомобиль жолдары

Алматы қаласының ықпал ету аймағы бойынша автожолдардың жалпы ұзындығы бастапқы жылдары 2065 км, оның ішінде республикалық маңызы бар автожолдар 642 км құрады. Қала маңы аймағының шекарасы шегіндегі автожолдардың жалпы ұзындығы 1659 км, оның ішінде республикалық маңызы бар жолдар 544 км. Барлық жолдардың 91%-ының жақсартылған жабындылары бар. Алматы қаласында автожолдардың жалпы ұзындығы 575,2 км құрады.

Алматы қаласының ықпал ету аймағында бастапқы жылы республикалық және облыстық маңызы бар қатты жабындылы автожолдардың тығыздығы 100 шаршы километрге 5,08 км, қала маңы аймағында 100 шаршы километрге 7,4 км, ал жалпы Республика бойынша 100 шаршы километрге 3,5 км құрайды.

Сонымен қатар, Алматы қаласының қала маңы аймағындағы кеңістікті қайта құрулар, Қазақстан мен Қытай арасындағы екі жақты саудаға қызмет көрсету үшін көлік дәлізін және Еуропа мен Азия арасындағы трансконтиненталды көпірді жасау жаңа бағыттар мен айналма жолдарды қалыптастыруды қарастырады. Олардың негізгілері төмендегілер болып табылады:

бұрыннан бар және жаңадан салынатын өнеркәсіп аумақтарын орналастыру мен Алматы қаласының негізгі транзиттік шеңберін құру үшін көліктік-инженерлік ось ретінде Үлкен Алматы айналма автомобиль жолының (ҮАААЖ) 65 км-нің құрылысы;

«Батыс Еуропа - Батыс Қытай» халықаралық транзит дәлізі бөлігінің (60 км) құрылысы;

Алматы қаласынан Солтүстік бағыттағы қосымша шығу жолы болатын, Қапшағай қаласының айналма автожолының (110 км) құрылысы;

«Алматы - Өскемен» автожолының «Алматы - Қапшағай» бөлігін (56 км) қайта жаңғырту;

Алматы қаласы аумағының айналасында «Орта жартылай щеңбер», «Үлкен жартылай шеңбер», «Шалғай жартылай шеңбер» (239 км) айналма автожолдарының құрылысы.

Есептік мерзімде Алматы қаласының ықпал ету аймағы шегіндегі жолдардың жалпы ұзындығы 2901,5 километрді, қала маңы аймағының шегінде 2432 километрді құрайды. Есептік мерзімде I, II және III санатты жолдардың тығыздығы, ықпал ету

аймағында 100 шаршы километрге 7,2 километрден және қала маңы аймағында 100 шаршы километрге 11,2 километрден келеді.

Қала маңы аймағындағы жолдар желісінің ұзындығы кезеңдер бойынша төмендегі кестеде келтірілген.

| Автожолдар | Желінің ұзындығы, км | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | қолданыстағы | | I кезек | | есептік мерзім | |
| | ықпал ету аймағы | қала маңы аймағы | ықпал ету аймағы | қала маңы аймағы | ықпал ету аймағы | қала маңы аймағы |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| Республикалық маңызы бар, барлығы | 642,0 | 544,0 | 848,0 | 848,0 | 1027,5 | 857,5 |
| Оның ішінде «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізі | - | - | 60,0 | 30,0 | 136,0 | 60,0 |
| Облыстық маңызы бар | 243,5 | 176,5 | 268,0 | 202,0 | 334,5 | 235,0 |
| Аудандық және жергілікті маңызы бар | 1179,5 | 939,5 | 1154,0 | 914,0 | 1539,5 | 1339,5 |
| Жинағы | 2065,0 | 1659,0 | 2270,0 | 1964,0 | 2901,5 | 2432,0 |

## 12.5 Автомобиль көлігі

Автомобиль көлігі қазіргі уақыттың өзінде Республиканың экономикасын дамытуда , ішкі және сыртқы тауар алмасуды кеңейтуде, мемлекет аралық байланыстарды қалыптастыру мен нығайтуда ерекше маңызды рөл атқарады.

Соңғы жылдарда автокөлік құралдарының барлық түрлерінің сандық құрамының өсуі тұрақты үрдісті көрсетіп жүр. Ықпал ету аймағы мен Алматы қаласында құрылыс кезеңдері бойынша көліктің барлық түрлерімен және автокөліктің қажетті санымен қамтамасыз ету төмендегі кестеде келтірілген.

| р/с № | Көрсеткіштер атаулары | бастапқы жыл | | 2015 жыл | | 2035 жыл | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | қамтамасыз етілуі, 1000 тұрғынға көлік саны | автокөлік саны | қамтамасыз етілуі, 1000 тұрғынға көлік саны | автокөлік саны | қамтамасыз етілуі, 1000 тұрғынға көлік саны | авто көлік саны |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| 1 | Алматы қаласын дамыту алаңдарымен Алматы қаласы | 373 | 509145 | 400 | 660000 | 450 | 1161000 |
| 2 | Жамбыл ауданы | 60 | 4452 | 100 | 8560 | 150 | 17790 |
| 3 | Іле ауданы | 146 | 20849 | 155 | 44655 | 200 | 109880 |
| 4 | Қарасай ауданы | 153 | 25291 | 160 | 30560 | 200 | 60800 |
| 5 | Талғар ауданы | 142 | 21854 | 150 | 24810 | 200 | 40600 |
| 6 | Еңбекшіқазақ ауданы | 203 | 27364 | 205 | 30606 | 220 | 46376 |
| 7 | Қапшағай қалалық әкімшілігі | 160 | 8752 | 200 | 17520 | 250 | 43725 |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Жиыны | | 617767 | | 816710 | | 1480170 |

Алматы қаласы мен қала маңы аймағы елді мекендерінің қарқынды және шапшаң дамуы қала аралық және қала маңы автобус тасымалын жетілдіру мен дамытуды қажет етеді. Қазіргі кезде қала маңы аймағының барлығына жуық елді мекендерінде Алматы қаласы мен аудан орталықтарына жүйелі түрде автобус қатынастары бар.

Қала маңы аймағы мен Алматы қаласы халқының өсуіне орай есептік мерзімде ауыл аралық тасымал 1,6 - 2,0 есеге, ал қала маңы тасымалының автобус парктерінде орташа сыйымдылықтағы автобустар саны 1800-2000 дейін артады. Автокөлік шаруашылықтарын кеңейту, оларды базасы, жылытылған көлік тұрақтары, шеберханасы, көлік жуу орындары бар, сондай-ақ медицина-техникалық бақылау жасайтын ірі автопарктерге біріктіру көзделген.

Тұрғындар қозғалысының артуына байланысты Алматы қаласы аумағының айналасында Үлкен Алматы айналма автомобиль жолы (ҮАААЖ) маңында Алматы қаласы үшін 3 жаңа автобекет, сондай-ақ қала маңынан Алматы қаласына қатынайтын көліктердің жолаушыларын қаланың қоғамдық көліктеріне жеткізетін 12 автобекет салу қажеттігі туындайды.

Алматы қаласының орталығында орналасқан қолданыстағы автобекеттерді бұзу немесе нысандарын өзгерту көзделген.

Үлкен Алматы айналма автомобиль жолында (ҮАААЖ) орналасқан автобекеттердің маңында қала маңы аймағынан халықаралық және қала маңы автобустарымен де, жеке көлікпен де келіп, қалалық қоғамдық жолаушылар көлігіне отырғысы келетін жолаушылар үшін 15 жинақтау автотұрағын және көліктен түсу - отыру кешенін салу қарастырылуда.

Алматы қаласының қоныстану периметрі бойынша жанармай құю бекеттерін, техникалық қызмет көрсету орталықтарын орналастыру белгіленген.

## 12.6 Су көлігі

Су көлігі қала маңы аймағының аумағындағы Қапшағай су қоймасының су айдынында орналасқан Қапшағай кемежайымен көрсетілген. Кемежай Қапшағай су қоймасының 485,0 метр жобалық белгісіне дейін толуына негізделіп салынған. Қазіргі кезде жобалық белгінің өзгеруіне байланысты су айдыны мен Қапшағай портының қабырғаларына жақын суды тереңдету көзделіп отыр.

Жетіген - Қорғас темір жол желісінің құрылысы кезінде салынып жатқан желіге жүк тасу үшін су көлігін пайдалану (180 километр су жолы) көзделген.

Қапшағай қаласын демалыс аймақтарымен байланыстырудағы жолаушы тасымалында су көлігін дамыту ойластырылуда (300 километр), бұл үшін Қапшағай қаласында жолаушылар айлағы бар өзен вокзалының құрылысы көзделген. Қапшағай су қоймасының демалыс аймағы жолаушылар кемежайымен қамтамасыз етіледі.

## 12.7 Құбыржол көлігі

Қала маңы аймағының аумағында құбыржол көлігі жоғары қысымды «Бұхара газды ауданы - Ташкент - Бішкек - Алматы» (БГА-ТБА) газ құбырының екі желісі және « Қазақстан - Қытай» магистралды газ құбыры арқылы көрсетілген. Ықпал ету аймағының шегіндегі жоғары қысымды газ құбырларының жалпы ұзындығы 270 километр, қала маңы аймағының шегінде 210 километр.

«Бұхара газды ауданы - Ташкент - Бішкек - Алматы» газ құбырымен тасымалданатын газдың негізгі тұтынушылары Алматы қаласы және газ құбыры жолының бойындағы елді мекендер болып табылады.

Болашақта қала маңы аймағындағы елді-мекендерді 100% газбен қамтамасыз етіп, жылына 4288,1 миллион кубометр газды жеткізу қарастырылған. Газбен қамтамасыз етудің көзі «Бұхара газды ауданы - Ташкент - Бішкек - Алматы» (БГА-ТБА) және сондай-ақ, «Қазақстан - Қытай» магистралі мен одан бөлініп алынған жоғары қысымды тармақтар және елді-мекендерге газ тарататын автоматты газ бөлетін станциялары ( АГБС) болады. Жоғары қысымды газ құбырларының ұзындығы ықпал ету аймағы бойынша 370 километрді, ал қала маңы аймағы бойынша - 274 километрді құрайды.

## 12.8 Қала маңы аумағында жүйрік жолаушылар көлігін дамыту бойынша ұсыныстар

Алматы қаласының қала маңы аймағының көлік мәселелері келесі факторларға байланысты: көше-жол желілерінің нашар дамуы; Алматы қаласынан қала маңы аймағына қатынайтын автомобиль шығу жолдарының санының жеткіліксіздігі; айналмалы автожолдардың болмауы; транзиттік көлік ағындарының көпшілігінің Алматы қаласының орталық бөлігімен өтуі; қала маңынан қалаға маятниктік еңбек миграциясының айтарлықтай ауқымы (күнделікті 250 мың адам); халықтың автомобильденуінің жоғары деңгейі; қоғамдық көліктің дамымауы.

Көлік мәселелерінің шешілмеуі ауа бассейнінің және тұтас алғанда Алматы қаласының қоршаған ортасын ластаудың, халықтың аллергиямен ауруының жоғары деңгейінің себебі болып табылады.

Алматы қаласы және қала маңы аймағының көлік схемасының әрі қарай дамуының негізі болып айналмалы көлік жолдарын қалыптастыру және дамыту, көлік дәліздерін қалыптастыру қарастырылған. Көлік дәліздері қала аумағын барынша қамту мен қала маңы аймағының сыртқы көлік жүйелері арқылы тиімді байланысын қамтамасыз ету түрінде жасалған.

Көлік дәлізін қалыптастырудың негізгі базасы ретінде қаланың ендік және бойлық бағыттағы 28 көшесін қайта жаңғырту болып табылады. Рысқұлов даңғылы, Шығыс айналма автожолы, Әл-Фараби даңғылы және Сайн көшесі негіздерінде үздіксіз

қозғалыстың ішкі шеңбері жасалады. Сыртқы жүйрік үздіксіз қозғалыстың шеңбері ретінде Үлкен Алматы айналма автомобиль жолы (ҮАААЖ) қарастырылуда.

Қоғамдық көлік жүйесі мен қозғалыстың басқа да тәсілдерін дамытуға басымдылық беріледі. Қоғамдық жүрдек жолаушылар көлігінің жүйесін дамыту төмендегі көлік технологияларына негізделеді:

қалаішілік метро желілері мен монорельсті жүйелер;

жеңіл рельсті көлік (LRT — трамвайдың қазіргі заманғы түрі);

жүрдек автобус немесе троллейбус тасымалы (BRT).

Метро желілері қаланың батыс «тыныш» аудандары мен солтүстік аудандарын оның тарихи және іскери орталығымен байланыстыруды қамтамасыз етеді.

Бас жоспарда қала маңы аймағының басты бағыттары мен басты композициялық осьтері бойынша LRT желілерінің құрылысы қарастырылған: Алматы - Қапшағай « Жаңа Іле»; Алматы - Қаскелең - Шамалған; Алматы - Талғар - Есік.

Аталған жүрдек көлік жолдары қаланың батыс «тыныш» аудандарын оның орталық бөлігімен байланыстырады. Батыс-Шығыс ендік көлік осьтерін қалыптастыру: 1-кезең ( 2015 жыл) - 13,8 километр; 2-кезең (2020 жыл) - 40 километр; 3-кезең (2040 жыл) - келешектегі қала маңы аумағын қосқанда 14,5 километр, есептік мерзімде - 168 километр.

BRT жүйесі (Bus Rapid Tranzit) - үлкен және ерекше үлкен сыйымдылығы бар автобустар немесе троллейбустарды қолданатын және бөлінген немесе оқшауланған жолақтағы көлік құралының қозғалысына сүйене отырып, жоғары жылдамдықтағы көлік қызметін көрсететін көлік қызметі: 1 кезең (2015) - 45 километр; 2 кезең (2020) - 65 километр; 3 кезең (2040) - 45,5 километр.

Троллейбустарды қозғайтын құрал ретінде қолданылатын BRT маршруттары ( шамамен 50 км) бір деңгейдегі көліктің ұқсас түрлерімен өте аз түйісетін тура желілі көлік дәліздері салынады.

Автобус тасымалы негізіндегі BRT маршруттары (120,0 километр) бойлық және көлденең радиусы аз, сондай-ақ, энергиямен қамтамасыз етілуі шектеулі шалғай аудандарда көлік дәліздері бойынша салынады.

Алматы қаласынан қала маңына автобуспен тасымалдау негізінде BRT маршруттарының ұзындығы 2015 жылы 110 километрді, ал есептік мерзімде - 470 километрді құрайды.

## 13. Инженерлік инфрақұрылымдарды дамыту

### 13.1 Сумен қамтамасыз ету

Қазіргі кезде Алматы қаласының қала маңы аймағына кіретін елді мекендерде үйлерге су құбырларын кіргізу немесе көшедегі су колонкалары арқылы

орталықтандырылған сумен қамтамасыз ету жүйесі жұмыс істейді.
Шаруашылық-тұрмыстық мұқтаждық пен өнеркәсіптік сектордың қажеттілігі үшін сумен қамтамасыз етудің негізгі көзі жер асты сулары болып отыр. Алматы қаласының қала маңы аймағындағы және ықпал ету аймағындағы барлық қалалар мен аудандарында жалпы суды пайдалану көлемі 2008 жылы 378,8 текше метрді құрады.

Болашақта шаруашылық-тұрмыстық мұқтаждық пен өнеркәсіптік сектордың қажеттілігі үшін жер асты су көздерін пайдалану су жинағыш құрылғыларды қайта жаңғырту арқылы қарастырылуда.

Алматы қаласының қала маңы аймағы мен ықпал ету аймағында, елді мекендердің барлық қажеттіліктеріне жеткілікті болатын бекітілген су қорлары бар жер асты сулары көздерінің үлкен тобы, орналасқан.

Алматы қаласының қала маңы аймағы мен ықпал ету аймағы үшін есептік мерзімде суды пайдаланудың болжамды мөлшері бір жыл ішінде 564,56 миллион текше метр немесе тәулігіне 1546,73 мың текше метр, жер асты суларының бекітілген қорларында санаттар бойынша тәулігіне А+В=4213,934 мың текше метр, ал барлық санаттарды есепке алғанда тәулігіне $А+В+С_1+С_2$=5621,968 мың текше метр деп анықталды.

## 13.2 Суды бұру

Қазіргі кезде орталықтандырылған кәріз жүйесімен 53 елді мекен қамтамасыз етілген. Қаскелең қаласынан, Талғар қаласынан және осыларға қарасты 38 ауылдық елді мекендерден аққан су Алматы қаласының кәріздік тазарту құрылғыларына (КТҚ) барып құяды, қалғандарында жергілікті тазарту құрылғылары бар. Барлық кәріз құрылғыларының тозуы 50 %-дан асқан, бұл тазартудың төменгі деңгейін көрсетеді.

2008 жылы Алматы қаласы мен қала маңы аймағына кіретін барлық кәрізделген елді мекендерден алып кетілген ағынды судың жалпы көлемі жыл ішінде 160,89 миллион текше метрді құрады.

Есептік мерзімде қарастырылып отырған өңірдің барлық елді мекендері кәріз жүйелерімен қамтамасыз етілуі тиіс. Бұл үшін ағынды суды тазарту саласындағы соңғы үлгілерді қолдана отырып, орталықтандырылған суды ағызу жүйесін және жалпы кенттік кәріздік құрылғыларын пайдалану ұсынылады.

Жинақтаушылардағы, Сорбұлақ жинақтаушысын санай отырып, тазаланған және қайта тазаланған ағынды суды бас жоспар бойынша төмендегілерге пайдалану көзделген: санитарлық-қорғаныс жасыл желектерді, ауданы 53 мың га орман-саябақ қорғаныс белдеуін, іскерлік ағашқа арналған теректің плантациялық отырғызылымдарын, көлік жолдарын, ауыл шаруашылығының техникалық дақылдарын суару.

Бас жоспар бойынша тазартылған ағынды судың бөлігін қала маңы аймағындағы өнеркәсіп аймақтарының қажеттіліктеріне айналмалы сумен қамтамасыз етуде

пайдалану көзделеді.

Қарастырылып отырған өңірдің шекарасына кіретін барлық қалалар мен ауылдық елді мекендерден ағатын ағынды судың болжанған көлемі есептік мерзімде жылына 427,89 миллион текше метрді немесе тәулігіне 1172,3 мың текше метрді құрайды.

## 13.3 Электрмен жабдықтау

Алматы қаласының қала маңы аймағын орталықтандырылған электрмен жабдықтау «KEGOK» және «Алатау Жарық Компаниясы» («АЖК» акционерлік қоғамы) акционерлік қоғамдарының желілері арқылы жүзеге асырылады.

«АЖК» АҚ аймағында тұтынушылардың электр пайдалануы бастапқы жылы 6,966 миллиард киловат/сағ. құрады, оның ішінде Алматы қаласы бойынша - 5,255 миллиард киловатт/сағ., қала маңы аймағы бойынша -сағатына 1,711 миллиард киловатт/сағ. Ықпал ету аймағы бойынша үлестік электр тұтыну бастапқы жылы 1 адамға 1648 киловатт/сағ.

Алматы қаласы мен қала маңы аймағының тұтынушыларын электрмен қамтамасыз ету «Алматы Электр станциясы» акционерлік қоғамы («АлЭС» АҚ) электр станциялары арқылы іске асырылады, оның құрамына Алматы жылу электр орталықтары (АЖЭО) - 1, 2, 3, Алматы су электрстанцияларының Каскады, Қапшағай су электрстанциялары кіреді.

Алматы қаласы қала маңы аймағындағы электр станцияларының белгіленген жиынтық қуаттылығы бастапқы жылы 1244 мегаватты, қолданыстағысы - 840 мегаватты құрады.

Қала маңы аймағының электр энергиясына келешектегі мұқтаждығы, құрылыстың бірінші кезегінде сағатына 10,1 миллиард киловатты, есептік мерзімде сағатына - 17,8 миллиард киловатты құрады.

Алматы қаласының ықпал ету аймағы мен қала маңы аймағының электрді пайдалануы мен электр жүктемесінің өсуіне келесі негізгі факторлар себеп болды:

шағын және орта бизнестің дамуы, қолданыстағы кәсіпорындар қуаттылығының өсуі, жаңа құрылыстар және қолданыстағы кәсіпорындардың қайта жаңғыртылуы;

Алматы қаласында халықаралық қаржы орталығын құру жобасының жүзеге асырылуы (AFD);

Тұрғын үй құрылысын дамыту бағдарламасына сәйкес, тұрғын үй құрылысы көлемінің артуы;

электр энергиясының электрмен тамақ дайындауға және электрмен жылытуға қолданылуы;

Медеу - Шымбұлақ таулы курортының электр тұтынуы;

Gate City, Colden City, Green City, Growing City серіктес қалалар жүйесін құруды көздейтін «G-4 City» жобасының жүзеге асырылуы;

Ықпал ету аймағы мен қала маңы аймағының аудандары:

Алматы қаласының өнеркәсіп кәсіпорындарының іргелес аудандардың аймақтарына көшірілуі, Іле, Қарасай, Талғар және Жамбыл аудандарында өнекәсіптік аймақтар құру;

Қапшағай қаласында, Арна, Шамалған, Междуреченск ауылдарында индустриалдық аймақ жүйесінің құрылуы;

«Алатау» ақпараттық технология бағы» арнайы экономикалық аймағының құрылуы ;

Іле (ИТП-2) және Қарасай (ИТП-3) аудандарында инновациялық технология бақтарының құрылуы;

спорттық-сауықтыру кешендерінің құрылысы (Меркурий);

Алматы қаласында 2011 жылы VII қысқы Азия ойындарын өткізу үшін Республикалық олимпиадаға дайындық базасының құрылысы;

Қапшағай су қоймасының жағалауында «Жаңа Іле» туристік аймағын құру.

Алматы қаласынан бірқатар өнеркәсіптік кәсіпорындарды көшіруге байланысты өнеркәсіпте электр энергиясын тұтыну қарқынының төмендеуі болжанады.

Көлік бойынша электр тұтынудың көбеюі Алматы қаласында метрополитеннің 1 және 2-кезектегі құрылысы, Алматы қаласында жеңіл рельстік көлік (ЖРК), қала маңы электр көліктері, айналмалы электрлендірілген темір жол құрылысы және темір жолдың жекелеген учаскелерін электрлендіру есебінен болжанады.

Келешекте «Алматы электр станциялары» акционерлік қоғамы электр станциялары (ЖЭО - 1, 2, 3, Алматы гидроэлектростанциялар каскады және Қапшағай гидроэлектростанциясы) Алматы қаласы мен қала маңы аймағының тұтынушыларын электрмен қамтудың негізгі көздері болып қала береді.

Қала маңы аймағының электр станцияларының жиынтық анықталған қуаттылығы 2035 жылға дейінгі кезеңге 2767 мегаватты құрайды, ал қолданыстағысы - 2500 мегаватты.

Алматы қаласы мен қала маңындағы аймақтардың қуаттылық теңгерімі электрлік жүктемелердің өсу қарқынын және электр станцияларының дамуын есепке алғанда, 2035 жылға дейінгі кезеңде тапшы бола түсуде. Оны электр желілерін қажетті қосымша күшейтуді есептегенде, Алматы облысының жоспарланған сыртқы көздерінен қосымша қуат алу арқылы қамтамасыз ету қарастырылған:

қуаттылығы 2640 мегаватт Балқаш жылу электр станциясы;

қуаттылығы 300 мегаватт Шарын өзеніндегі Мойнақ гидро электр станциясы;

қуаттылығы 50 мегаватт Іле өзеніндегі Кербұлақ гидро электр станциясы;

қуаттылығы 300 мегаватт Шелек дәлізіндегі жел электр станциясы;

Балқаш жылу электр станциясы пайдалануға қосылуына дейінгі кезеңде Екібастұз мемлекеттік аудандық электр станциялар (ЕМАЭС).

Балқаш жылу электр станиясының (БЖЭС), ірі су көздері электр станцияларының ( Мойнақ, Кербұлақ), күн электр станцияларының, жел көздері электр станцияларының (

Жоңғар қақпасында, Шелек дәлізінде) пайдалануға қосылуы Алматы облысының қуаттылық балансын арттырады деп болжануда. Алматы қаласының қала маңы аймақтарындағы тапшылықты жабу есебінен күтілетін артық қуат Оңтүстік Қазақстанның тапшы аудандарына беру үшін көзделген.

Алматы қаласы мен ықпал ету аймағының аудандарындағы тұтынушыларды болашақта электрмен жабдықтау Алматы облысының қайта өндіруші энергия көздерін дамыту есебінен қамтамасыз ету ұсынылады. Жобада озық жаңа технологиялар дайындаудың негізінде күн көздері электр станцияларын енгізу ұсынылады. Бұл мақсаттарды жүзеге асыру үшін жиынтық қуаттылығы 400-500 мегаватт деп шамаланған бес бос алаң ұсынылып отыр. Қарастырылып отырған аймақта күн сәулесінің ұзақтығы жылына 2200-3000 сағатты, бір шаршы метрге 1300-1800 киловатт /сағ.

Алматы қаласы, қала маңы мен ықпал ету аймақтарын электрмен қамтамасыз ету жүйесін дамытудың негізгі бағыттары - энергияны үнемдеу есебінен электр желілерін дамытуды оңтайландыру және қарастырылып отырған ықпал ету аймағында электр желілерін құруды қарастырады, олар:

кернеулігі 500/220 киловольт «Алма» кіші станциясы мен 500/220 киловольт электр қабылдағыштар желісінің (ЭҚЖ) құрылысы;

220/110 киловольтты «Ерменсай», «Кеңсай», «ПИТ» кіші станцияларын құру арқылы Алматы қаласының айналасында 220 киловольтты жоғары вольтты желілер шеңберін құруды аяқтау;

110/10 киловольтты жаңа және қолданыстағы қоректендіру орталықтарын 220 киловольтты негізгі кіші станцияларға біріктіру;

кернеулігі 110 киловольт қалалық желілер арқылы қуаттардың транзиттік кетуін төмендету;

тозығы жеткен электр желілері нысандарын қайта жаңғырту және техникалық қайта жабдықтау, трансформаторларды үлкен қуатқа ауыстыру, жаңа 110 киловольтті кіші станциялар құру;

қалалардағы қоныстанған құрылыс аймағында электр қабылдағыштардың кабельді желілерін (ЭҚКЖ) өткізгіш сымды жабық түрде орындау арқылы 110 киловольтты кіші станциялар құру, 35 киловольтты кіші станцияларды 110 киловольт кернеуіне ауыстыру арқылы 35 киловольт желілерін біртіндеп жою, желілерді кернеулігі 6 киловольттан 10 киловольтқа ауыстыру.

Барлық жоғары вольтті электр тасымалдау желілерінің ұзындығы бірінші кезекте 3566 километрді, оның ішінде Алматы қаласы бойынша 349 километрді, есептік мерзімде 4215 километрді, оның ішінде Алматы қаласы бойынша 600 километрді құрады.

## 13.5 Жылумен жабдықтау

Алматы қаласының ықпал ету аймағында, оның ішінде қала маңы аймағында ең ірі жылу беру көзі ЖЭО-1, ЖЭО-2 және ЖЭО-3 Алматы жылу электр станциялары болып табылады.

Бастапқы 2009 жылы жылу электр станциялары бойынша жылу қуаттылығы төмендегілерді құрады:

АЖЭО-1 - 1203,0 гигакалорий/сағ. (белгіленген), 985,0 гигакалорий/сағ. (қолданыстағысы);

АЖЭО-2 - 1176,0 гигакалорий/сағ. (белгіленген), 750,0 гигакалорий/сағ. (қолданыстағысы);

АЖЭО-3 - 335,3 гигакалорий/сағ. (белгіленген), 279,0 гигакалорий/сағ. (қолданыстағысы).

Жылу электр станциясы негізінен Алматы қаласының және Өтеген батыр кентінің тұрғындарын жылумен қамтамасыз етеді. Орталықтандырылған жылумен Қапшағай, Талғар, Қаскелең қалаларындағы көп қабатты құрылыс жайлары қамтамасыз етілген.

Еңбекшіқазақ ауданының (Есік қаласы), Жамбыл ауданының (Ұзынағаш ауылы) аудан орталықтарында орталықтандырылған жылумен қамтамасыз ету іске асырылмаған. Қолданыстағы қоғамдық құрылыс жайлар қуаты төмен қазандықтармен жылытылады. Көптеген қазандықтарда отын ретінде көмір, газ және дизельді отындар қолданылады.

Аудандық орталықтарда келесі жылумен қамтамасыз ету көздері қалыптасқан:

үй-жайлық типтегі үйлерге арналған жылыту пештері;

бюджеттік сала нысандары мен мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету нысандарына арналған дербес қазандықтар;

өнеркәсіп кәсіпорындарына арналған дербес жылыту көздері.

Ауылдық округ тұтынушыларын жылумен қамтамасыз ету сызбасы реттелмеген, жергілікті сипатта. Тұрғын үй қорларын жылыту жеке пеш орналастыру арқылы жүзеге асырылады. Жеке тұрғын үй қорының жылыту пештерінде көмір және жарым-жартылай сұйық отын қолданылады.

Қала маңындағы аймақтарды жылумен қамтамасыз етуді дамытудың болашақтағы негізгі бағыттары облыстық әкімдік дайындаған 2015 жылға дейінгі Алматы облысының даму Стратегиясында анықталған.

Алматы қаласының қала маңы аймағын болашақта газбен жабдықтау табиғи газды барлық отын көздерінің негізгі түрі ретінде жылумен қамтамасыз ету қажеттілігі үшін пайдалануды айқындайды.

Алматы қаласының қала маңы аймағындағы қалалар мен ірі ауылдық елді мекендер бойынша жылу жүктемелері құрылыстың бірінші кезегінде сағатына 1646,95 гигакалорий, есептік мерзімде 3589,663 гигакалорий/сағ. құрайды.

Қала маңы аймағының Есік, Қаскелең, Қапшағай (Green Cityді есептегенде), Талғар қалаларының, Ұзынағаш, Шамалған, Междуреченск ірі ауылдарының өсіп келе жатқан жылу жүктемесін жабу үшін Алматы қаласының қала маңы аймағының бас жоспары жобасы бойынша көп қабатты тұрғын үйлер мен қоғамдық құрылыстарды орталықтандырылған жылумен жабдықтау бағдарламасы белгіленген.

Жаңадан салынып жатқан қазандықтардың негізгі отыны болып - табиғи газ, ал резевтік отын ретінде - мазут қабылданды.

«G-4 City» төрт серіктес-қалаларды жылумен жабдықтау әзірленген техникалық-экономикалық негіздерге (ТЭН) сәйкес қабылданған. Қаралып отырған кезеңде серіктес қалаларды жылумен жабдықтау жүйесін дамытудың негізгі бағыттары мыналарды қарастырады:

Gate City бойынша:

қуаттылығы 200 гигакалорий/сағ. және 300 гигакалорий/сағ. қазіргі заманғы автоматтандырылған қазандықтардың құрылысы;

қуаттылығы 194,0 мегаватты қазіргі заманғы автоматтандырылған жоғары техникалық булы газ құрылғысының (БГҚ) құрылысы.

Golden City бойынша:

қуаттылығы 300 гигакалорий/сағ. және 200 гигакалорий/сағ. екі қазіргі заманғы автоматтандырылған қазандықтардың құрылысы;

Growing City бойынша:

қуаттылығы 250 гигакалорий/сағ. және 100 гигакалорий/сағ. екі қазіргі заманғы автоматтандырылған қазандықтардың құрылысы;

алдын ала залалсыздандырылған құбырларды каналсыз төсеу арқылы орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйелерінде магистральды жылу желілерінің құрылысы;

жылу жүктемесінің төмен тығыздылығымен аз қабатты құрылыс аудандарында орталықсыздандырылған жылумен жабдықтаудың қазіргі заманғы жоғары сапалы жеке көздерін енгізу.

Алматы қаласының қала маңы аймағының ауылдық елді мекендеріндегі жаңа бір қабатты үй-жай құрылысын қазіргі заманғы үлгідегі дербес жылумен жабдықтау жүйесімен (АСТ) жабдықтау қабылданған.

Қапшағай су қоймасының демалыс аймағының нысандарын, жалғыз ғимаратты немесе ғимараттар тобын (олардың жинақы және біруақытта салынуында) есептегенде, дербес жылумен жабдықтау жүйесімен (АСТ) отынның сұйық түрімен, келешекте газға ауыстыру арқылы, жабдықтау ұсынылып отыр.

Қала маңы аймағындағы жаңадан салынып жатқан орта және көп қабатты құрылыстарды жылумен жабдықтау табиғи газбен жұмыс істейтін модульді жылугенераторлары (МЖГ) деп аталатын экологиялық таза топтық немесе модульдік квакрталдық қазандықтар құрылысы есебінен жүзеге асырылады.

Ауылдық округтер бойынша жобада барлық тұрғын үй құрылыстарын, сондай-ақ келешектегі құрылыстарды, коммуналдық шаруашылық нысандарын қоса санағанда, сұйық отынмен, келешекте табиғи газбен жұмыс істейтін автономдық, жылумен жабдықтау жүйесінен жылытуды қамтамасыз ету ұсынылып отыр.

Барлық жобаланып отырған өнеркәсіптік кәсіпорындарды орталықсыздандырылған жылумен жабдықтау ұсынылады. Болашақтағы өнеркәсіп алаңдарын жылумен жабдықтау жиынтық қуаты құрылыстың бірінші кезегінде 165 гигакалорий/сағ., есептік мерзімге 480 гигакалорий/сағ. жаңа ірі қазандықтардан қамтамасыз ету белгіленген.

Алматы қаласының қала маңы аймағының жылу жүктемелері аудандар бойынша құрылыстың бірінші кезеңіне 6081,1 гигакалорий/сағ., есептік мерзімге 13392,6 гигакалорий/сағ. құрайды.

Осы жобада қарастырылып отырған энергияның балама көздері: жел энергетикасы, күн энергетикасы, жылу насостары, биоэнергетика, көмірдің жер асты газдануы, геотермальды энергетика, джет-құбыры, детандерлік генератор.

Алматы қаласын жылумен жабдықтаудың қолданыстағы жүйесі үш бағытпен көрсетілген:

«Алматы Электр станциялары» акционерлік қоғамы (ЖЭО-1, ЖЭО-2 және БЖҚ ( Батыс жылу қазандығы) энергия көздерінен жылумен қамтамасыз ету базасында орталықтандырылған жылумен жабдықтау (электр және жылу энергиясының аралас өңделуі) - ыстық сулы жалпы жылу жүктемесінің 48%.

Орталықтандырылған жылумен жабдықтау ірі аудандық қазандықтардан жүзеге асырылады;

«Алматыжылукоммунэнерго» - (Оңтүстік аудандық қазандығы, Оңтүстік-шығыс аудандық қазандығы, «Орбита») - ыстық сулы жалпы жылу жүктемесінің 11%;

«Солтүстік-Шығыс энергия кешені» Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны («СШЭК» МКК) - қаланың ыстық сулы жалпы жылу жүктемесінің 1%-нан сәл жоғары.

Жылумен жабдықтаудың жеке көздерінен орталықсыздандырылған жылумен жабдықтау (өнеркәсіптік, коммуналдық қазандықдар, жылытудың және жылыту пештерінің автономдық жүйелері) - ыстық сулы жалпы жылу жүктемесінің 40%.

Қаланың жылу жүктемесі қазіргі уақытта 4240 гигакалорий/сағ. құрайды.

Қалаға жақын жатқан өнеркәсіп аудандарын есепке алғанда қаланың жылу жүктемелері құрылыстың бірінші кезегінде 5215 гигакалорий/сағ., есептік мерзімде 6760 гигакалорий/сағ. көлемінде болжамдалады.

Жобаны әзірлеу барысында Алматы қаласын 2020 жылға дейінгі кезеңде жылумен жабдықтау жүйесін дамыту жобалары мен қала аудандары бойынша құрылыс орналасуындағы өзгерістерді есепке ала отырып, «КазНИПИЭнергопром» акционерлік қоғамы әзірлеген «Алматы қаласын 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңде жылумен жабдықтау схемасының» ұсынымдары және ТЭН-і негізге алынған.

Алматы қаласында газ жеткізіп беруді ұлғайту мүмкіндігіне сүйене отырып,

қаланың жылумен жабдықтау жүйесін дамытудың келесі негізгі бағыттары ұсынылады:

жылуландыру аймағында - «Алматы Электр станциялары» акционерлік қоғамы (« АлЭС» АҚ) - үшінші кезектегі бекітілген ТЭН-нің көлемінде арзан Екібастұз көмірімен қала сыртындағы ЖЭО-2-ні кеңейту және қайта қалпына келтіру арқылы. Жұмыс істеп тұрған ЖЭО-1 мен Батыс жылу беру қазандығы газға көшіріліп, қалпына келтіруге және тозығы жеткен жабдықтарды жаңа қазіргі заманғыға ауыстырумен жаңартуға ж а т а д ы ;

оңтүстік аймақта орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйелері - « Алматыжылукоммунэнерго» акционерлік қоғамы («АЖКЭ» АҚ) - газбен қолданылатын аудандық «Орбита» қазандығын қайта қалпына келтіруді және кеңейтуді а я қ т а у ;

қаланың солтүстік бөлігінде - газды негізгі отын ретінде пайдалануға ауыстыру арқылы қалыптасқан жылумен жабдықтау аймағындағы Солтүстік-шығыс қазандықта ( СШҚ) орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйесін қайта құру және жетілдіру.

Орталықтандырылған жылумен жабдықтау аймақтарынан тыс:

газды пайдалануға негізделген қолданыстағы жеке жылу беру көздерін қайта құру;

ең алдымен, қаланың оңтүстік тау бөктеріндегі аудандарды электрлік жылумен ж а б д ы қ т а у ;

ыстық сумен жабдықтау қажеттілігі үшін күн сәулесін пайдалану.

## 13.6 Газбен жабдықтау

Алматы қаласы мен қала маңы аймағын газбен жабдықтау қазіргі кезде «Бұхара газды ауданы - Ташкент - Бішкек - Алматы» (БГА-ТБА) магистралды газ құбырымен ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Болашақта «Орта Азия Орталық» (ОАО), «Бұхара-Орал», «Бұхара газды ауданы - Ташкент - Бішкек - Алматы» (БГА-ТБА) және «Қазақстан-Қытай» магистралды газ өткізгіші (бұдан әрі — МГ) барлық негізгі газ көліктері жүйесін біріктіретін «Бейнеу - Шымкент» магистралды газ құбырының құрылысымен газбен жабдықтаудың жергілікті жобаларын дамытуға жол беретін бірыңғай магистралды газ құбырлары ж ү й е с і қ а л ы п т а с а д ы .

Газ беру көздерімен Алматы қаласының, қала маңы аймағының және ықпал ету аймағының тұтынушыларын қамтамасыз ету үшін «Бұхара газды ауданы-Ташкент-Бішкек-Алматы» магистралды газ құбырлары, «Қазақстан-Қытай» магистралды газ құбыры және келешекте газ таратушы станцияларына (бұдан әрі - ГТС ) б ұ р ы л ы с т а р қ а р а с т ы р ы л ғ а н .

Газбен жабдықтаудың негізгі көздері болып мыналар табылады:

қазіргі МГ «БГР-ТБА» газ көліктік жүйесінің газ бөлу старциялары: «Фабричный» ГТС, Шамалған ГТС, Қаскелең ГТС (қайта құру жүргізумен және ГТС-2

шығарылуымен), «Боралдай» ГТС, «Алматы» ГТС-1 «Байсерке-Қапшағай» болашақ газ құбыры-бұрылысы және газды жеңілдету торабымен МГ «Қазақстан - Қытай» бөгетімен осыдан бұрын жобаланған қысымы қатты газ құбырларын бөлетін «Алматы - Байсерке - Талғар» газ бөлу станциялары: АГРС «Gate City»; АГРС «Байсерке», АГРС «Талғар», АГРС-3 «Алматы», АГРС « Жетіген», АГРС «Қапшағай», АГРС «Жаңа Іле».

«Қазыбек Бек» станциясы - АГРС «Ұзынағаш» аумағында МГ «Қазақстан-Қытай» бөгетіндегі газ бөлу станциясынан Алматы қаласы мен қала маңы аймағының тұтынушыларына МГ «БГР-ТБА» бойынша газ беру;

МГ «Қазақстан-Қытай» - АГРС «Маловодное» станцияларына қарастырылған газ бөлу станцияларынан бұрып алып кету;

Қазіргі және жобадағы газ тарату станцияларынан газды елді мекендерге жеткізу үшін жобада газбен жабдықтаудың тарату желісі қарастырылуда.

АГРС-1, Боралдай ГТС (бас газ бөлетін пункт (ГБП-2) арқылы берілуімен Алматы қаласының тұтынушыларына жеке шығарылуымен қайта қалпына келтірілгеннен кейін (бұрынғы Алматы ГТС-2), Алматы АГРС-3 (бас ГБП-2 арқылы берілуімен) Алматы қаласының тұтынушыларына арналған газбен жабдықтаудың негізгі көздері болып табылады.

Алматы қаласының тұрғындары үшін жоспарланып отырған тұрғын үй қорын қайта құруды есепке алумен 44 блокты ГБП-ның құрылысы қарастырылуда.

